ЖЕТІСУ шұғыласы

Ескелді би

№ 3 (8891)
жұма 21 қаңтар
2022 жыл

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Eskeldi_eli@mail.ru

Ескелді аудандық қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық газеті. Газет 1930 жылғы 13 қазаннан шығады.

♦ÜNDEU

Алматы облысы әкімі Қ. БОЗЫМБАЕВ:

ЕЛ БАҚЫТЫ - БІРЛІКТЕ

Қымбатты жетісулықтар!

Қаңтардың алғашқы күндері бәрімізге оңай тиген жоқ. Қиын кезеңді бастан өткіздік. Осындай сын сағатта сабыр сақтап, бірлігі мен тұтастығын көрсете білген сіздерге алғыс білдіремін. Өкінішке қарай, бұзақылардың кесірінен қаншама әулет қасіретке ұшырады?! Қайтыс болғандардың отбасына тағы да көңіл айтамын.

Бұл ретте жазықсыз қаза тапқандардың отбасылары мемлекеттің қолдауынсыз қалмайтынын атап өткім келеді.

Әскерилер мен полиция қызметкерлерінің отбасына 5 млн. теңгеден біржолғы материалдық көмек беріледі. Балаларының оқу ақысы, тұрғын үй және басқа да мәселелерін шешеміз. Орта және ауыр жарақат алғандарға да 1 млн. теңге көлемінде көмек көрсетеміз.

Қоғамдық қауіпсіздікті қорғап, бұзақыларға тосқауыл болған халық жасақтары мен ауыл тұрғындарына рахмет айтамын.

Қазіргі кезде облыс аумағында жағдай тұрақты. Барлық мекемелер қалыпты жұмысына көшті. Халыққа қажетті азық-түлік пен жанар-жағармай қоры жеткілікті.

Сауда орындары мен базарлар, банктер мен халыққа қызмет көрсету орталықтары жұмыс істеп тұр.

Арнайы комиссия қираған ғимараттар мен мүліктің, тоналған бизнес нысандарының нақты шығынын анықтады. Алдын ала есептеу бойынша шығын көлемі 16 млрд. теңге шамасында. Қысқа мерзім ішінде бүлінген ғимараттар қалпына келтірілетін болады.

Құрметті облыс тұрғындары!

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев елге төнген қауіпті халқымыз қайыспай көтере білгенін атап көрсетті. Мәжіліс отырысында Үкіметке жаңа экономикалық саясат қалыптастыруды мықтап қолға алуды тапсырды. Күрделенген теңсіздік мәселесіне баса назар аударды. Шешілмеген өзекті проблемалар біздің облыста да аз емес.

Олардың қатарында:

– тұрғын үй мен жер учаскелерін бөлу;

– саяжай тұрғындарының проблемалары;

– суармалы және жайылымдық жерлердің жетіспеушілігі;

– жалақының төмендігі;

– жұмыссыздық деңгейінің өсуі;

– ауызсу мен электр жарығының тапшылығы, жолдарды жөндеу;

– табиғи газбен қамту және газға қосылу құнын қолжетімді ету;

– үшауысымды және апатты мектептерді жөнге келтіру, интернет желісінің сапасын жақсарту;

– ауылдарда мәдени, спорттық нысандардың аздығы және тағы басқа мәселелерді айтуға болады.

Аудан, қалалардың экономикалық дамуында да алшақтық бар. Мәселен, Алматы қаласының маңындағы аудандар мен Талдықорған өңірін салыстыруға келмейді. Бұл тұрғындардың күнкөріс деңгейінен де айқын байқалады. Бір ғана қарапайым мысал, Іле мен Ақсу аудандарының экономикалық жағдайы жер мен көктей.

Мұндай диспропорцияны болдырмауымыз керек. Аймақтар тең дамуы тиіс. Ол үшін барлық аудандар бойынша облыста бірыңғай экономикалық бағдарлама дайындалуда.

Басты мақсатымыз – кенжелеп қалған өңірлерде индустриалдық аймақтар құру, инвестиция тарту. Жаңа кәсіпорындар салу арқылы жұмыс орындарын ашу, шағын және орта бизнестің

өрісін кеңейту. Бұл –халықтың тұрмыс жағдайын көтеруге, кіріс деңгейін арттыруға ықпал етеді деп ойлаймын.

Облыс тұрғындарының сексен пайызы ауылдық жерде тұрады. Оларды тұрақты жұмыспен және жалақымен қамтамасыз етуіміз керек.

Мемлекет басшысының негізгі талабы – ашықтық, әділдік және қолжетімділік. Осы принцип негізінде «Қорғас» және «Нұр жолы» кеден бекеттерінің жұмысы реттеліп, бюджет түсімі артады. Қазір онда ведомствоаралық комиссия жұмыс істеп жатыр.

Облыста 57 мың адам тұрғын үй кезегінде тұр. Олардың басым бөлігі – тұрмысы төмен топтың өкілдері. Сондықтан, тұрғын үй салу көлемін арттыруымыз қажет. Бұл жергілікті басқару органдарының басты бағыты болуы тиіс.

Осының бәрін іске асыру үшін бізге ең алдымен бірлік пен бейбітшілік керек. Онсыз өңірге инвесторларды тарту қиын. Әлеуметтік-саяси жағдайы тұрақсыз жерге ешбір кәсіпкер қаражатын салмайды. Қоғамдық тұрақтылықты сақтауға әр азамат мүдделі болуы керек.

Кейбір жергілікті әкімдердің тұрғындармен байланысы ешбір сын көтермейді. Тәртіпсіздікке қатысқан жастардың іс-әрекеті бірқатар ауылдық округ, аудан, қала әкімдері жұмысының салғырттығын көрсетті.

Қаланы қиратып-тонаған, сауда орындарын талан-таражға салған, бұзақылық жасағандар аспаннан түскен жоқ. Басым көпшілігі өзіміздің ортамызда, ауылда өскен 20 мен 30-дың арасындағы жастар.

Мен 4 қаңтарда алаңда митингіге жиналған қауыммен кездесуге шыққанымда талай нәрсеге көз жеткіздім. Жастардың тәрбиесінде қандай кемшілік жібердік деген ой мені қатты мазалады. Мұның бірнеше себебін көріп отырмын.

Бірінші, отбасындағы адамгершілік-рухани тәрбиенің жетіспеушілігі деп ойлаймын. Жасы үлкенге құрмет көрсету, сөз тыңдау, ақ пен қараны, дос пен дұшпанды ажырата білу бала жастан қалыптасуы керек. Әкесіндей адамға қол көтеру, тас ату, ордасын ойрандап, шаңырағын ортасына түсіру – халқымызға жат қылық.

Екінші, мектептегі тәрбие беру жүйесі. «Отан үшін отқа түс, күймейсің», – деп Бауыржан Момышұлы айтқандай, патриоттық ең алдымен адамға, қоршаған ортаға, қоғамның мүлкіне жанашырлықпен қараудан басталады.

Мемлекет мүлкі – халықтың қазынасы. Ол бюджет түсімінен құралады. Залалды қалпына келтіруге жұмсалатын қаржы – сіз бен біздің ақшамыз. Сол сомаға ондаған мектеп немесе сонша мәдени-спорттық нысан салуға және жүздеген шақырым жол жөндеуге болар еді.

Үшіншіден, жергілікті билік пен қоғам өкілдері жол берген кемшіліктерін саралап, тиісті қорытынды жасауы керек.

Президент тергеу шараларын жүргізу барысында азаматтар құқығының бұзылуына жол бермеу керектігін айтты. Әрине, құқық қорғау органдары нақты қылмыскерлерді жауапқа тартады.

Бірақ ниеті таза, наразылығын бейбіт түрде білдіруге шыққан жастармен түсіндіру жұмысын жүргізуіміз керек. Оған ел-жұртына қадірменді ақсақалдарымыз, сөз тізгінін ұстаған азаматтарымыз, ардақты аналарымыз, ой-өрісі кемел жастарымыз тікелей атсалысуы қажет.

Халқымызда «Балам дейтін елі болмаса, елім дейтін бала қайдан шығады?» деген сөз бар. Наразылыққа шыққан жастардың отбасы жағдайы қандай, кәсіби білімі бар ма, жұмыс істей ме? Осының бәрін жергілікті әкімдіктер үйлестіріп отыруы тиіс еді.

Ендігі жерде оларға көмек беру мәселесін терең қарауымыз керек.

Алдағы уақытта тиісті аудандарға қатысты нақты шешім қабылдайтын боламын.

Бізге көпшіліктен қашпайтын, елмен қоян-қолтық жұмыс жасайтын әкімдер керек. Президенттің «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасының басты мақсаты да осы.

Бұл орайда аудан, қалалардағы Қоғамдық кеңестердің құрамын 100 пайыз өзгертуіміз қажет. Оған халықтың сөзін сөйлейтін, көппен жұмыс істей алатын қайраткерлер баруы керек деп ойлаймын.

Жетісу жерінде өсіп-өркендеуге барлық мүмкіндік бар. Халық саны да жыл сайын артып келеді. Осыған сәйкес экономикамызды тұрақты дамытуға күш саламыз.

Халқымызда «Өткенге салауат, ертеңге аманат» деген аталы сөз бар. Болашағымыз жарқын болуы үшін әркім өз отбасында, бала тәрбиесінде, жұмыс орнында және қоғамдық ортада жауапкершілігін арттыруы керек.

Құрметті жерлестер! Арандатушылардың және шетелден ақпарат таратып отырған жауапсыз адамдардың сөзіне ермей, ел ішінде тұрақтылық пен тыныштық сақтауларыңызды сұраймын. Барлығымыз бірігіп еліміздi өркендетуге атсалысайық. Ел бақыты – бірлікте. Ынтымақты болайық, қадірлі ағайын!

♦OI-ORAM

ӨЗГЕРІС - ЗАМАН ТАЛАБЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің ендігі даму бағытын айқындаған болатын. Онда ең алдымен ел тағдыры сынға түскен кезеңде ұйыса білген Қазақстан халқына ризашылығын білдіре отырып, дамудың жаңа кезеңін баяндады. Иә, айтулы жиынды асыға күттік. Қалың ел болып, экранға үңіліп, әр сөзін мұқият тыңдадық. Бұл жолғы Қасым-Жомарт Кемелұлының сөзі жанымызды толқытты. Елдің көкейінде жатқан әлеуметтік-экономикалық және мемлекеттік қауіпсіздік салаларын қамтитын көңілге қонымды бастамалары жарқын болашаққа деген үміт-сенімімізді нығайта түскендей. Әсіресе, мемлекетіміздегі барлық қауіпсіздік, күштік құрылымдардың, бизнестің, банк пен ұлттық компаниялардың, қор, ауыл шаруашылық, білім салалары бойынша түйткілді мәселелердің шешімін табу үшін Үкіметке 3 апта ішінде дамудың жаңа бағытын дайындауды тапсырды және оны кеңейтілген отырыста талқылайтын болып келісті. Берілген тапсырмалардың негізгі мақсаты – «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруға бағытталғандығын баса айтқым келеді. Сондай-ақ, кеңейтілген отырыста ауыл шаруашылығы саласына дұрыс мөлшерде көңіл бөлінсе, халқымыздың әл-ауқатының жақсаруына септігін тигізер еді деді. Одан бөлек, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан халқына» атты дербес қор өз жұмысын бастайтынын және оған қаржы тұрақты түрде мемлекеттен және жеке азаматтардан, бизнесмендерден салынып отыратынын жариялап, жыл сайынғы жарнасы туралы есеп берілетіні айтылды. Бұл халық үшін қолға алынып жатқан игілікті іс деп ойлаймын. Біз, аудан жұртшылығы Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамаларын қолдап, тиісті өзгерістер арқылы еліміз жақын уақытта дамудың жаңа кезеңіне өтіп, жаңа Қазақстанды бірге құратынымызға сенеміз. Енді жұдырықтай жұмылып Мемлекет басшысы тапсырған міндеттерді жүзеге асыруға атсалысуымыз қажет. Біздің күшіміз – бірлікте!

Қанат САТАНОВ,
аудандық мәслихат хатшысы.

БІРЛІКСІЗ БЕРЕКЕ БОЛМАЙДЫ

Қазіргі елдегі жағдайды Қазақстанның әр азаматы үшін сын сағаты деп айтуға болады. Ел басына күн туған сәтте ақыл мен парасаттылыққа жүгінгеніміз жөн. Бастысы, халқымыздың, жеріміздің, Отанымыздың амандығы мен Тәуелсіздігіміздің тұтастығы үшін, ашуға, қызуқандылыққа бой алдырмай, жалған ақпараттарға сенбей, бірлікте, татулықта болғанымыз дұрыс. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Парламент Мәжілісінің отырысына қатысып, еліміздің жаңа Премьер-Министрін тағайындап, саяси және әлеуметтік-экономикалық салалардағы өзекті мәселелерді шешу бойынша нақты тапсырмалар берді. Ланкестікпен байланысты ел басына күн туған қайғылы сәтте Президент халықпен бірге болып, әлеуметтік-экономикалық проблемалар мен халықтың мұң-мұқтажын қанағаттандыру жөнінен күрделі реформалар мен қажетті шаралар кешенін қабылдайтындығын жеткізді. Аз уақытта қабылданған шаралар өз нәтижесін берері сөзсіз.

Біз барша халық болып Мемлекет басшысының сөзіне құлақ асып, қастерлі елімізде тыныштық пен берекелі өмір орнату ісінде қолдау көрсетуіміз аса маңызды. Сын сағатта халқымызға тән биік парасаттылық пен даналығымызды көрсете білейік. «Бірлік бар жерде тірлік бар» деген аталы сөз бар. Еліміздің Тәуелсіздігі мен тыныштығы – біздің баға жетпес құндылықтарымыз. Сол себептен де Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болсын десек, берекелі бірлігімізді ту етіп, бейбіт өмірді көзіміздің қарашығындай сақтауымыз қажет.

Жанахмет ИСАБАЕВ,
«Жетісу шұғыласы» газетінің редакторы.

♦TAĞAIYNDAU

АУДАН ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

Ескелді ауданының әкімі тағайындалды. 2021 жылдың 31 желтоқсанынан бастап Жұмағұл Әбдіраманұлы Әлімбеков аудан әкімінің орынбасары қызметіне кірісті. Жұмағұл Әбдіраманұлы 1961 жылы 25 қаңтарда Талдықорған облысында (қазіргі Алматы облысы), Панфилов ауданы, Үшарал ауылында дүниеге келген. Қазақтың Еңбек Қызыл Ту орденді ауыл шаруашылық институтын ауылшаруашылығын механикаландыру мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын Ауылшаруашылығындағы еңбекті қорғаудың бүкілодақтық ғылыми-зерттеу институтында бастаған. 1982-1984 жылдар аралығында осы мекемеде инженері, аға инжинері қызметтерін атқарған. 1984-1988 жылдар аралығында Қаратал ауданы Новый мир ауылы «Новый мир» кеңшарының техника қауіпсіздігі жөніндегі инженері, Новый мир» кеңшары кәсіподағы комитетінің төрағасы, Қазақстан КП Қаратал аудандық комитетінің нұсқаушысы ретінде еңбек еткен. 1988-2002 жылдар аралығында Қаратал ауданы «Үштөбе» кеңшары партия комитетінің хатшысы, кәсіподағы комитетінің төрағасы және «Үштөбе» ӨК машина-трактор ауласының меңгерушісі болған. 2002-2009 жылдары Қаратал ауданы әкімінің аппараты ұйымдық-кадрмен жұмыс бөлімі бастығы, Қаратал ауданы әкімінің аппараты басшысы, Үштөбе қаласының әкімі лауазымында еңбек еткен. 2009-2018 жылдар аралығында Алматы облысы әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімі облыс әкімінің бас инспекторы, бөлімінің меңгерушісі болса, 2012-2013 жылдары Алматы облыстық Дін істері басқармасының басшысы лауазымында қызметте болған. 2014-2018 жылдар аралығында Алматы облысы әкімі аппараты ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс бөлімінің меңгерушісі, 2018-2021 жылдар аралығында Алматы облысы әкімі аппараты басшысының орынбасары қызметтерін атқарған.

♦DODA

ДЕНЕ ҚОЗҒАЛЫСЫН ШИРАТАТЫН ОЙЫН

Волейбол Уильям Дж.Морган «Минтомет» деп атаған екен. Негізінен волейболдың тарихы он тоғызыншы ғасырдан бастау алады. Кейбір ақпараттарға сүйенсек, Еуропа, Орталық және Оңтүстік Америка халықтары осы тектес ойынды мыңдаған жыл бұрын ермекке айналдырған көрінеді. Ежелгі Рим жылнамаларында да б.э.д III ғасырда волейбол сынды фаустбол ойын түрі ұйымдастырылып тұрған. Олар әр командада 3-6 ойыншыдан бөлініп, допты аласа қабырғадан лақтыруға тырысқан. Фаустбол ойыны әсіресе, Еуропа халықтарына кеңінен танылған. Ойын 15 минуттан 2 таймға созылған. Десе де, волейболдың ресми күні 1895 жыл деп белгіленді.

Волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы табиғи қозғалыс пен дене мүшелерінің қимылынан жүгіру, жүру, секіру, лақтыру т.б. жаттығулардан тұрады. Бұл ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын ойнай береді. Сондықтанда, волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады.

Ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы адамның координациясы қалыптасады. Қандай жаттығу болмасын, қозғалыс барысында нақтылы орындалады. Айталық, шабуылдау кезінде допты қарсыласының алаңға дәл түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, допты қарсыласының алаңына алдап тастау т.б. Демек адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынның бір түрі.

Қазақстанда алғашқы жарыс 1926 жылы Қызылордада ұйымдастырылды. Қазақстан волейболы 20 ғасырдың 60-жылдары жақсы дамыды. Ол спортшебері, КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы Октябрь Жарылғаповтың есіміне тікелей байланысты. Оның құрған «Буревестник» ерлер командасы 1969 жылы КСРО-ның, 1970-1971 жылы Еуропа чемпиондарының кубогін жеңіп алды. Қазақстанда тәрбиеленген Валерий Кравченко, Олег Антропов, Надежда Смолеева 1968 жылы Мексикада өткен 19-Олимпиялық ойындардың, 1969 жылы Жәнібек Саурамбаев Еуропаның чемпионы атанды. Мұндай табысқа 1988 жылы Сеулдегі 26-Олимпиялық ойындарда Ольга Кривошеева, Елена Чебукина, Татьяна Меньшовалар жетті. Алматының АДК әйелдер волейбол командасы 1984 жылы КСРО-ның чемпионы атанды. Волейболшылардың халықаралық одағы 1924 жылы құрылған. 1992 жылдан осы одаққа Қазақстан Республикасының Волейбол федерациясы мүше.

Әр түрлі қимылдарды түрлі қарқында, бағытта, түрлі жылдамдық пен орындай отырып, адам ағза жүйесінде және ішкі құрылыстарына жақсы әсер алады. Адам ойын үрдісі кезінде жоғары эмоциялды жүктеме және үлкен қуанышқа бөлініп, қанағаталады. Дене тәрбиесі жүйесінде волейбол ойынының маңызы зор.

Багдат СҰЛТАНАЛИЕВ,
Мичурин атындағы негізгі орта мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі.

♦BILE JÜRIÑIZ

БҰЛ АҚПАР ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ — ФОНД МЕДИЦИНСКОГО СТРАХОВАНИЯ

Соңғы күндері елімізде коронавирустық инфекциямен сырқаттанушылықтың өсуі байқалады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры коронавирустың белгілерін анықтаған пациенттерге қалай әрекет ету керектігін еске салады.

ПТР-тест

Егер Сіз суықтың, тұмаудың немесе пневмонияның **белгілерін сезсеңіз**, онда ПТР әдісімен коронавирусқа тест тапсыра аласыз. Мұны емхананың сүзгі кабинетіне жүгіну арқылы жасауға болады. Сондай-ақ, басқаларға жұқтыру қаупін төндірмеу үшін Сіз емхананың тіркеу бөліміне немесе анықтама бөліміне қоңырау шалып, **үйге мобильді топ шақыра аласыз.** Бұл жағдайда зерттеу тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ақысыз жүргізіледі, өйткені бұл айналадағылар үшін қауіп төндіретін инфекциялық ауру. Яғни сақтандырылған болу міндетті емес.

Сондай-ақ, ПТР-тестілеу коронавирус анықталған пациентпен **байланыста болған** адамдарға жүргізіледі. Сонымен қатар, сүзгі кабинеті арқылы байланысуға немесе мобильді топты үйге шақыруға болады.

Шетелге шығуға мүмкіндік алу үшін ПТР азаматтың өз есебінен төленеді. Сондай-ақ, егер теріс ПТР бар сертификат қандай да бір ұйымға немесе жұмыс орнына бару үшін талап етілсе, онда тестілеу өз қаражаты есебінен немесе жұмыс берушілердің келісімі бойынша төленеді.

ПТР-тест тегін жүргізілетін жағдайлардың тізбесі:

• медициналық көрсеткіштер бойынша фильтр кабинетіне жүгінген кезде-ЖРВИ және вирустық пневмония белгілері болған кезде;

• коронавирустық инфекцияға күдікті науқас үшін мобильді топты үйге шақырған кезде;

• жедел тест нәтижесі оң болған жағдайда стационарға шұғыл емдеуге жатқызу кезінде;

• жоспарлы емдеуге жатқызуға немесе ауруханаға дейінгі тексеруге жіберу кезінде;

• жүкті әйелдерге 37 аптадан бастап босануға емдеуге жатқызу үшін;

• гемодиализдегі пациенттерге.

Мобильді бригадалар

Пациенттер айналасындағыларға қауіп төндірмеуі және ауру белгілері бар емханаға баруы, сондай-ақ үйде қажетті медициналық көмек алуы үшін әрбір МСАК ұйымының жанынан **COVID-19 бар науқастарды амбулаториялық бақылау бойынша мобильді бригадалар** құрылды. Олар өз аумағындағы қоңырауларға қызмет көрсетеді, жұмыс уақыты – 8.00-ден 20.00-ге дейін. Егер пациент тіркелген жері бойынша емхана аумағында тұрмайтын болса, оған 103-ке көмек сұрап жүгіну қажет. 20.00-ден кейінгі қоңырауларға жедел жәрдем қызмет көрсетеді.

Мобильді бригаданың функцияларына мыналар кіреді:

• ЖРВИ белгілері бар немесе алғашқы жүгінген кезде коронавирустық инфекцияға күдікті пациентке үйге бару;

• Амбулаторлық бақылаудағы немесе үйде оқшаулаудағы пациенттерге шығу;

• COVID-19-ға күдік болған кезде ПТР-тестілеуді өткізу;

• Дәрілерді тағайындау және қажет болған жағдайда оларды ауруханадан тыс пневмония және созылмалы аурулары бар пациенттерге жеткізу;

• Пациенттерге олардың жай-күйіне дербес мониторинг жүргізу үшін көмек көрсету;

• Амбулаториялық пациенттің медициналық картасын ресімдеу.

КТ немесе рентген

Егер өкпеде қабыну процестерінің дамуына күдік болса, компьютерлік томография немесе кеуде қуысының рентгенографиясы жасалады. Диагностиканың бұл түрлері пациентке тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде **тәуліктік стационарға емдеуге жатқызу кезінде** тегін жүргізіледі. Сондықтан пневмония белгілері бар сақтандырылмаған науқастарға да көмек көрсетіледі.

Ауруханаға жатқызу денсаулық жағдайы үйде емделуге мүмкіндік бермейтін пациенттерге қажет сатурацияның төмен деңгейімен, ентігудің жоғарылауымен және өздігінен дем ала алмауымен, өкпенің зақымдануының жоғары деңгейімен байланысты жүргізіледі. Сатурацияның бірдей төмендеуімен екі науқаста ауруханаға жатқызудың әртүрлі көрсеткіштері болуы мүмкін екенін ескерген жөн. Сондықтан емдеуге жатқызу үшін ПТР-дің оң нәтижесі жеткіліксіз.

Егер сөз **емхана деңгейінде (емдеуге жатқызусыз)** тексеруден өту туралы болса, онда ол жүйелі түрде жарналар төлейтін және сақтандырылған пациенттерге тегін жүргізіледі, өйткені бұл диагностикалық қызметтер МӘМС пакетіне кіреді.

Үйде, оның ішінде учаскелік дәрігердің бақылауымен емдеу нәтижелері бойынша белгілі бір уақыттан кейін пациентке динамикалық жағдайды тексеру үшін КТ-дан өту қайтадан тағайындалуы мүмкін.

Үйде емделуді шешкен пациенттерге еске салу маңызды: аурудың клиникалық белгілерінің жоғарылауы және әл-ауқатының нашарлауы орын алған жағдайда учаскелік дәрігерге хабарлау қажет.

Сонымен қатар, қажет болған жағдайда инъекциялар, тамшылар алуға тіркелген пациенттер үшін үйде күндізгі стационар ашу қарастырылған.

Мұндай жағдайда оларға үйде дәрігерлік тағайындаулар (манипуляциялар) жүргізу үшін емхананың медицина қызметкері барады.

Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету

Тәулік бойғы стационарға емдеуге жатқызу кезінде пациент емдеу хаттамасына сәйкес қажетті дәрі-дәрмектерді алады.

Амбулаториялық деңгейде емдеу кезінде ҚР ДСМ №75 бұйрығына сәйкес дәрілік қамтамасыз ету көзделген (белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікпен амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесі).

Бұл жағдайда пациент емдеуші дәрігерден рецепт алады, оның негізінде оған емхана дәріханасында дәрі беріледі. COVID-19 ағымының жеңіл және орташа ауырлық дәрежесінде (ЖРВИ белгілері) пациент парацетамол, ибупрофенге сүйенеді. Егер пневмония, тромбоэмболия қаупінің ықтималдығы туралы айтатын болсақ, амбулаториялық деңгейде пациент дабигатран капсулалары мен ривароксабан, апиксабан, парацетамол және ибупрофен таблеткаларын ала алады.

Оңалту және қалпына келтіру

Тексеруден, диагноздан және емдеу-ден кейін кейбір жағдайларда **ағзаның қалпына келуіне көмектесу керек.** Әсіресе, егер науқаста созылмалы аурулар болса, ентігу қалады, әлсіздік байқалады.

МӘМС жүйесін іске асырудың оң факторларының бірі медициналық оңалтуды қаржыландыруды арттыру және тиісінше пациенттердің оны алу мүмкіндігі болып табылады.

МӘМС арқылы коронавирустық инфекциядан кейін медициналық оңалтудан қалай өтуге болады?

1. Емханадағы дәрігерге бару керек.

2. Дәрігер реабилитолог дәрігердің немесе мультидисциплинарлық топтың (МДТ) консультациясына жолдама береді.

3. Реабилитолог немесе МТД науқастың жағдайын бағалайды және қалпына келтіру шараларының қажетті курсын таңдайды.

4. Оңалту шаралары тыныс алуды қалыпқа келтіруге, асқынуларды азайтуға, өмір сүру сапасын жақсартуға және мазасыздық пен депрессия белгілерін жеңілдетуге бағытталған.

5. Функционалдық бұзылу дәрежесіне байланысты медициналық оңалту стационарлық, сондай-ақ амбулаториялық жағдайларда да жүргізілуі мүмкін.

МАҢЫЗДЫ: көрсетілімдер болған кезде оңалтудан үйде емделіп, медициналық ұйымдарға жүгінбеген пациенттер де өте алады. Олар үшін әрекеттер алгоритмі бірдей.

Қорда медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігі бойынша сұрақтар туындаса, емхананың Пациенттерді қолдау және ішкі аудит қызметіне жүгіну керектігі еске салынады. Егер мәселенің шешілуіне қол жеткізу мүмкін болмаса, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өтініштi ыңғайлы байланыс арнасы арқылы қалдыру керек: fms.kz ресми сайты, 1406 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyryBot.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Алматы облысы бойынша филиалы.

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ!

2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ 3 ТОҚСАНЫНДА ОҚЫТУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША ТӨМЕНДЕГІ ТЕЛЕФОН НӨМІРЛЕРІНЕ ХАБАРЛАСА АЛАСЫЗДАР:

БЕКТУРОВ МУРАТ МУХТАРОВИЧ
Ескелді ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы
8-705-553-71-20

УМИРБЕКОВА АРАЙЛЫМ МУХТАРОВНА
Ескелді ауданы бойынша білім бөлімінің бас маманы
8-771-578-38-26

ИСАНОВА БИБИГУЛЬ ТУЛЕГЕНОВНА
Ескелді ауданы бойынша білім бөлімінің әдіскері
8-707-512-07-71

УВАЖАЕМЫЕ ЖИТЕЛИ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

ПО ВСЕМ ВОПРОСАМ ОБУЧЕНИЯ УЧАЩИХСЯ В 3 ЧЕТВЕРТИ 2021-2022 УЧЕБНОГО ГОДА ВЫ МОЖЕТЕ ОБРАЩАТЬСЯ ПО ДАННЫМ ТЕЛЕФОННЫМ НОМЕРАМ:

БЕКТУРОВ МУРАТ МУХТАРОВИЧ
Руководитель отдела образования по Ескельдинскому району
8-705-553-71-20

УМИРБЕКОВА АРАЙЛЫМ МУХТАРОВНА
Главный специалист отдела образования по Ескельдинскому району
8-771-578-38-26

ИСАНОВА БИБИГУЛЬ ТУЛЕГЕНОВНА
Методист отдела образования по Ескельдинскому району
8-707-512-07-71

♦ MAMAN MINBERI

Ерік ҚИЯЛБЕКОВ,
Ескелді ауданының ветеринариялық станциясы шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынның директоры:

"АТА КӘСІПТІҢ АМАНДЫҒЫ ҮШІН АЯНЫП ҚАЛМАСПЫН"

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕМЛЕКЕТ ТҰРМЫСЫНДА АСА ҮЛКЕН МАҢЫЗҒА ИЕ. ӘДЕТТЕ АТА КӘСІП САНАЛАТЫН БҰЛ САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІН АРТТЫРУ ҮШІН НЕБІР МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР ҚОЛҒА АЛЫНЫП, ЖҮЗЕГЕ АСЫП КЕЛЕДІ. СОНЫҢ ҚАТАРЫНДА ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ САУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ДА НАЗАРДАН ТЫС ҚАЛҒАН ЕМЕС. ӘЛІМСАҚТАН ҚАЗЕКЕМ: «МАЛ-ЖАНЫҢ АМАН БА» ДЕП ЖӨН СҰРАСҚАН ҒОЙ. АУДАНДАҒЫ ТӨРТ ТҮЛІКТІҢ САУЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРЫП ОТЫРҒАН АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ВЕТЕРИНАРИЯ БАСҚАРМАСЫ ММ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ ПУНКТТЕРІ БАР ЕСКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ВЕТЕРИНАРИЯЛЫҚ СТАНЦИЯСЫ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК КОММУНАЛДЫҚ КӘСІПОРЫННЫҢ ДИРЕКТОРЫ ЕРІК ҚИЯЛБЕКОВПЕН АЗ-КЕМ ДИДАРЛАСЫП, ОЛАРДЫҢ АТҚАРҒАН ШАРУАЛАРЫН САРАПТАП КӨРДІК.

- Бүгінде еліміз бойынша қай салада да маман тапшылығы байқалады. Әрі жастар әдетте жайлы орынтақ пен жылы кабинеті бар жұмысты сағалайды. Айтыңызшы, тұтас елдің әлеуетін асырып, халықтың тұрмысын түзеп отырған салада маман тапшылығы байқала ма?

- Тапшылық жайы бізде байқалмайды. Қатарымыз жас мамандармен толығып отыр. «Жас келсе іске» деген. Олар шаруаны ұршықша иіріп жүр ғой. Қазір өңірде төрт түлік саны артып келеді. Сол түліктерді уақытында дәрілеп, қауіпті мал індетінен сақтап отырмасақ болмайды. Қауіп қайдан деме, аяқ астын. Ауру шыққан бетте мамандар мардымды жұмыс істеп, індетке айналмауы үшін аянып жүрген жоқ.

- Жалпы, жан-жануардың дерті адамға тез жұғады. Әлемді әлі әбігерге салып отырған мына тәж-тажал, құс тұмауы, шошқа тұмауы, эбола сынды індеттер мақұлықтардан жұққан. Оны ғалымдар әлдеқашан анықтады. Айтыңызшы, бұл саланың қауіпі жоғары ма? Қазір төрт түлік үшін қандай індет қауіпті?

- Ветеринарияның негізгі міндеті – аса қауіпті жұқпалы аурулардың алдын алу. Оны диагностикалау, малдан алынатын тамақ өнімдері мен шикізаттардың адам өміріне қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Аудандағы ветеринариялық эпизоотиялық ахуалды тұрақты деңдейде ұстау үшін ветеринариялық станция мамандары және ауылдық округ мал дәрігерлерінің қатысуымен жоспарлы түрде өз деңгейінде атқарылуда. Эпизоотиялық аурулар тізімінен ірі қарада сібір жарасы, аусыл, құтыру, қарасан, листериоз, ауески ауруы, жылқыда маңқа, сақау, африкалық оба, тұмау, уақ малда бродзот, хломидиоз, энтерооксемия, эпидидимит, дерматит аурулары аса қауіпті. Шошқа обасы, африкалық оба, шошқа рожасы, гастроэнтерит таңқымұрындарға қауіп болса, қауырсындылар үшін құс тұмауы, ньюкасло, құс күлі, марека ауруы қатерлі. Қарапайым қаңғыған ит пен мысықтан да қауіпті індет тарауы мүмкін. Бүгінде ауданға қарасты ауылдық округтерде ветеринар мамандар шартты мал басына шаққанда аудан көлемінде толықтай қамтылған.

- Қаңғыған ит пен мысық жайында айтып қалдыңыз. Осы көше кезген қараусыз мақұлықтарды жою, олардың қауіптілігін сейілту жайы қалай?

- Әдетте тұрғындар иттерін байлап ұстамайды. Бекітілген ережеге сай олар көшеде қараусыз жүрмеуі тиіс. Ит дегенің жылына екі мәрте күшіктейді. Ал қаңғыбасы 7-8-ден күшік туады. Былай қарағанда қараусыз иттер қоқыс жәшігін ақтарады, айналаны ластайды. Мұнан өзге қауіпті індеттерді таратады. Біздің саланың да негізгі нысанасы – адам қауіпсіздігі, әр тұрғынның саулығы. Өткен жылы аудандағы қаңғыбас ит-мысықтың көзін жоюға 6475000 теңге қаржы қаралып, ол толық игерілді. Бұл қаржыға қаңғыған ит-мысықты аулау, қажетті жабдықтар сатып алу, автокөліктердің жанар майын алу сынды қажеттіліктер өтелді.

- Жалпы, ауданда қанша төрт түлік бар? Оларды вакциналау, таңбалау жайы қалай?

- Қазіргі сәтте 48021 бас сиыр, 170088 бас уақ мал, 12774 бас жылқы, 117 бас түйе және 1146 бас шошқа бар. Осынша малға қажетті дәрі-дәрмек уағында жетіп отыр. Төрт түлікті бірдейлендіру – ветеринария саласындағы жауапты жұмыс. Бұл жұмыстар мал төлдегеннен бастап атқарылады. Бірдейлендіру мемлекеттік қызмет көрсету аясында жүргізіледі. Мысалы сырғалау арқылы бірдейлендіру жүргізілсе тегін, таңбалау, чип енгізу бойынша бірдейлендіру жұмыстары тиісінше чиптің құнымен, суық азоттың бағасына байланысты ақылы түрде жүргізіледі. Осы орайда, таңбалау жайлы шағын ақпарат болсын, мал таңбалау, ен салу – малды есептеу, бір-бірінен ажырату үшін салынатын шартты белгі. Таңбалаудың құлаққа ен салу не сырға тағу, мүйізге, иыққа, санына, құлақ ішіне таңба салу, сирағына сақина кигізу сияқты түліктің түріне байланысты әр түрлі тәсілдері қолданылады. Бұларды қолданудың қайсысының өзіндік ерекшеліктері мен ережелері бар. Мал таңбалау табындағы малды ата-тегі мен өнімділігі бойынша сұрыптау мен жұп тандау арқылы тұқымын асылдандыруға аса қажет. Вакцинациалау шаралары да тегін, тек қана жұқпалы емес аурулар мал иесі есебінен, емдеуге кеткен дәрі-дәрмектің құнын қоса есептегенде ақылы түрде атқарылады.

- Қолдарындағы малына жұқпалы ауру таралмауы үшін тұрғындар, шаруашылық басшылары не істеуі керек?

- Ата кәсіппен айналысатын шаруа қожалық басшылары және жеке тұлғалар өз иеліктеріндегі мал бастарын ветеринариялық алдын алу іс-шараларын уақтылы жүргізу үшін ветеринария дәрігерлеріне мал бастарының санын нақты айтып, сатылған, сойылған мал бастарын есептен шығартып, егерде мал сатып алған жағдайда ветеринариялық ілеспе құжатарымен әкеліп есепке қоюы керек.

- Төрт түліктің жұқпалы аурулары кеше де болған. Ықылым заманнан келе жатқан дертпен ата-бабамыз қалай күрескен?

Қазақ халқы ежелден түрлі аурудерттерді табиғи жолмен емдеудің сан мыңдаған әдіс-тәсілін білген. Қазіргі жаһандану заманында технологияға қарық болғанымызбен бұндай игілікті істі ұмытпаған жөн. Қазақтар мал ауруларын, жұқпалы, жұқпасыз деп екіге бөледі. Жұқпалыларын індет, құрт,тері аурулары деп топтайды. «Жаратқанды ұмытып, оның кәріне ұшыраған кезде індет өршиді және оны тіссіз, шашы дудыраған «қаскөй» мыстан әкеледі» деп есептеген. Қазақ даласында көрсететін қағыну, улану сипатымен білінетін топалаң індетін жылқыда – жамандат, түйеде – қарабез, ақшелек, сиырда – қара талақ, ешкіде – шек-шек, адамда – күйдіргі, түйнеме деп атаған. Лавровтың бақылауынша індеттің жіті жүретін (апоплексиялық) ішкі түрін қазақтар «жамандат» түйір бүдірлер мен ісік шығаратын «қарақарын», алқым, ұма тұсына ісік түрінде тарайтын түрін «тегене» деп ажыратқан. Оған қарсы қазақтар ісікті тіліп ыстық темірмен түйреп тұз себеді, ақжұмыр және уқорғасын тамырының тосабымен жуып, күміспен күйдіріп құрбақа тартады. Асқынған жарасына сақар мен бұйырғының үйіндісін себеді, тері астына апиын, тотияйын, алмас түйірін аз уақыт салып қойған. Малдың жұқпасыз ауруларын қазақтардың бас, ішек-қарын немесе «өлі тию», бауыр, ішкі аурулар, өкпе, сирақ-тұяқ аурулары, сынақ және жарақаттар, құтпан, төл, саулық аурулары деп шартты түрде бөлуі – ауру сипатына, емдеу ерекшеліктеріне байланысты. Рауғаш үгіндісін, мия тамырын сулы жараға себеді, шегіршінді жылан шаққанға, андыз тамырын жылқыға «өлі» тигенде шырғанақты жылқының маңқа, сақауына қарсы қолданады. Мал емдеуде қазақтар хайуанаттар мен жәндіктерден алынатын өнімдерді кең пайдаланады: алакүлікті түйені семіртуге, шылаушын құртын жылқыны жаратуға, шегірткені үсік жарасына пайдаланған, көз ауруларын емдеуге бөдене жұмыртқасын, тышқанқорыққа қарсы үкі етін қолданады. Желінсау болған саулықтың желініне тірі сарышұнақты тартады, жылқы майын бүйі шаққанға, терісін сыздауыққа, құйрығын күйдіріп пішпе жарасының қанын тоқтатуға қолданған.

- Ақпарыңызға рахмет!

Тілдескен Арай НҰРЖАНҚЫЗЫ.

♦ QŪLAQTANDYRU

ҚҰРМЕТТІ ЕСКЕЛДІ АУДАНЫ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ АТА-АНАЛАРЫ!

Қазіргі уақытта қалыптасқан жағдайға байланысты коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу мақсатында аудан мектептері келесі режимде жұмыс істейтін болады:

- Титов атындағы ОМ (Қарабұлақ ауылдық округі), Байысов атындағы ОМ (Алдабергенов ауылдық округі) және Б.Жолбарысұлы атындағы орта мектептерінен (Бақтыбай ауылдық округі) басқа барлық ауылдық мектептер оқуды штаттық режимде жалғастырады;
- жоғарыда аталған 3 мектеп балалар контингенті 600 оқушыдан асуына байланысты аралас оқыту форматына көшеді;
- бұл мектептерде штаттық режимде 1-5, 9,11 сыныптар, онлайн режимде - 6-8, 10 сыныптар білім алатын болады. Үйде оқытылатын оқушылардың білім алуы штаттық режимде іске асырылатын болады;
- контингенті 600 баладан асатын басқа мектептер ғимараттың жобалық қуаттылығы балалардың әлеуметтік қашықтығын сақтауға мүмкіндік беруіне байланысты штаттық режимде оқуын жалғастырады;
- оқушылардың тамақтануы өзгермейді;
- ауданның барлық балабақшалары мен шағын-орталықтары штаттық режимде жұмыс істейді.

Құрметті ата-аналар, Сіздерде туындаған барлық мәселелер бойынша, аудандық білім бөлімінің және мектептердің Coll-орталықтарының нөмірлеріне қоңырау шалуға болады.

М. БЕКТУРОВ,
Алматы облысы білім басқармасының Ескелді ауданы бойынша білім бөлімінің басшысы.

УВАЖАЕМЫЕ РОДИТЕЛИ УЧАЩИХСЯ ЕСКЕЛЬДИНСКОГО РАЙОНА!

В связи со сложившейся ситуацией по недопущению возникновения и распространения коронавирусной инфекции школы района будут работать в следующем режиме:

- все сельские школы продолжат обучение в штатном режиме, кроме СШ имени Титова (Карабулакский сельский округ), СШ имени Байысова (Алдабергеновский сельский округ) и СШ имени Б.Жолбарысулы (Бактыбайский сельский округ);
- вышеуказанные 3 школы перешли на смешанный формат обучения в связи с тем, что контингент детей превышает 600 учащихся;
- в этих школах в штатном режиме обучаются 1-5, 9,11 классы. В онлайн режиме - 6-8, 10 классы. Обучение учеников на дому будет реализовываться в штатном режиме;
- другие школы, контингент которых превышает 600 детей, продолжают обучение в штатном режиме, так как проектная мощность здания позволяет сохранять социальную дистанцию детей;
- питание учащихся остается без изменений;
- все детские сады и мини-центры района работают в штатном режиме.

Уважаемые родители, по всем интересующим Вас вопросам, прошу звонить по номерам колл-центров школ и районного отдела образования.

М. БЕКТУРОВ,
руководитель отдела образования по Ескельдинскому району Управления образования Алматинской области.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Құрметті Ескелді ауданының тұрғындары, елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты барлық деңгейдегі әкімдердің халық алдындағы есеп беру кездесулері кейінге шегерілді. Алдағы уақытта есеп беру кестесі қосымша жарияланатын болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Уважаемые жители Ескельдинского района, в связи с произошедшими чрезвычайными ситуациями в стране дата проведения отчетов акимов всех уровней перед населением перенесены. В ближайшее время график отчетов будет опубликован дополнительно.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Төтенше жағдай және шектеу іс-шаралары кезеңінде әлеуметтік-еңбек саласында мемлекеттік қызметтер көрсетудің және халықтың жекелеген санаттарын азықтүлік және тұрмыстық жиынтығымен қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2020 жылғы 25 наурыздағы № 109 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы – Егер 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек (бұдан әрі – атаулы әлеуметтік көмек) алушы болып табылған жағдайда қауіпсіздікті сақтау мақсатында атаулы әлеуметтік көмек тағайындауға өтініш көрсетілетін қызметті алушының жүгінуінсіз 2022 жылғы 1-тоқсанға – 2021 жылғы 4-тоқсандағы табыстарды ескере отырып, ақпараттық жүйеде автоматты түрде қалыптастырылады».

ОБЪЯВЛЕНИЕ

О внесении изменений в приказ Министра труда и социальной защиты населения Республики Казахстан от 25 марта 2020 года № 109 «О некоторых вопросах оказания государственных услуг в социально-трудовой сфере и обеспечения продуктово-бытовым набором некоторых категорий населения на период чрезвычайного положения и ограничительных мероприятий» «В случае если услугополучатель является получателем государственной адресной социальной помощи (далее – адресная социальная помощь) по состоянию на 31 декабря 2021 года, то в целях соблюдения безопасности в информационной системе автоматически формируется заявление на назначение адресной социальной помощи без обращения услугополучателя на 1 квартал 2022 года – с учетом доходов за 4 квартал 2021 года».

А. БЕЙСБАЕВ
аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлім басшысы

♦TARAZY

ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗ ЕДІ...

«Ұстаздық – ұлы құрмет. Себебі, болашақтың басшысын да, данасын да, ақылгөй ғалымды, еңбекқор егіншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қалай ардақтасақ, сол ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да солай ардақтауға міндеттіміз» деп Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай қанша ғасыр өтсе де адамзат баласы ардақ тұтар ұстаз – мәңгілік қастерлі ұғым, барлық мамандық атаулының басы және шыңы. Қос ғасыр жүгін арқалап, заманының дүбірлі аламанында жас ұрпақты білім мен тәрбиенің кәусар бұлағынан сусындатып, жүрегінің жылуын, нұрлы ақылы мен ыстық қайратын, телегейтеңіз білімін аяулы да қымбатты шәкірттеріне, өзі туып өскен еліне арнаған бірегей тұлға, ұлағатты ұстаз Бекберген Дәуренбаев еді.

1938 жылдың маусымында Жетісу жерінде, нақты тарқатқанда Ескелді ауданына қарасты Теректі елді мекенінде туған нар тұлға саналы ғұмырын ұстаздық жолға арнапты. Бала кезінен ұстаз болуды алдына мақсат етіп қойған тұлғалы азамат 1954 жылы 7 жылдық мектепті тәмамдаған соң, Панфилов педагогикалық училищесіне оқуға түседі. 1958 жылы бітіріп дипломын қолына алған майталман маман Теректідегі бастауыш мектепті тәмамдап, әрі қарай оқуды тыстан жалғастыруға ниеттенген 20 шақты ауыл балаларын жинап, аудандық оқу бөлім басшысының қолдауымен қазақша 5 сыныбын ашты. Арада жыл өткен соң 6-7 қазақ сыныптары ашылып, ауыл тұрғындарының алғысын алды. Көрші ауыл тұрғындары да ризашылықтарын білдіріп, балаларын мектепке осында тәлім алуға беріпті. 1962 жылы мектепке жаңа директор келіп, қазақ сыныптары жабылады. Содан кейін 1962-1963 жылдары Қызыл-Октябрь ауылына келіп, еңбек жолын жалғастырады

1963 жылы Жетісу ауылындағы орта мектепке ауысқан Бекберген ұстаз осы мектепте табан аудармай 31 жыл еңбек етті. Еңбектен қол үзбей жүріп, Қазақтың жалғыз университеті С.Киров атындағы жоғарғы оқу орнына тарих және қоғам тану пәні бойынша тарих факультетіне сырттай оқуға түскен еді. Атаулы оқу орнын үздік тәмамдаған білікті маман ұстаздық жолды одан әрі тың тәжірибемен шыңдап, көптеген шәкіртке білім беріп, тәрбиелеп шығарды. Оның шәкірттері бүгінде Қазақстанның түкпір-түкпірінде түрлі салада қызмет етіп жүр.

Бекберген Мейірбайұлы тек ұстаздық міндетін мінсіз атқарып қана қоймай, мектептің қоғамдық өміріне, ауылды өркендетудің кез келген шараларына белсене қатысу арқылы ауылдастарының арасында да зор беделге ие болды. 1973 жылы қант қызылшасын өндіруде оқушылардың еңбек бригадасын құрып, міндеттемені асыра орындағаны үшін, колхозға көмек бергені үшін, ауылдан тұңғыш рет Москваға саяхатқа оқушылар бригадасын апарды. Осындай еңбегінің нәтижесінде 1973 жылы «Еңбек ардагері» медалімен және облыс оқу бөлімінің алғыс хатымен марапатталды. Қазақ Республикасы білім беру ісінің озаты атанып, «Білім беру ісінің озаты» төсбелгісімен марапатталды. Мектептің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында мектептің жанынан тұңғыш музей ашып, жан-жақтан келген меймандарға мектеп жетістіктерін көрсетіп, мектептің көркеюіне үлес қосты.

1989 жылы (Жаркент) Панфилов медучилищесін бітіруші түлектердің Мемлекеттік емтиханында төрағалық қызмет атқару міндеті жүктеліп, білікті ұстазға артылған үлкен сенімді абыроймен атқарды. Мектепте, ауданда өткізілген әртүрлі іс-шараға осылай қатысып, өзінің ұйымдастырушылық қабылетімен танылды, жүлделі орындарға үнемі ие болып жүрді.

Бекберген Дәуренбеков құрметті еңбек демалысына шыққан соң да «Ақсақалдар алқасының» мүшесі болып сайланды, ауылда өткізілген іс-шараларға белсене араласып, өркендеуіне сүбелі үлесін қосып жүрді. Ұлы Жеңістің 70 жылдығында, Ұлы Жеңістің 75 жылдығында да «Мерекелік медалімен» марапатталған. «Мерейлі отбасы» облыстық конкурсының сайысына қатысып, облыс әкімінің қолынан «Алғыс хат» пен марапатталды.

Міне, осындай атпал азамат, ұлағатты ұстаз үстіміздегі жылдың алғашқы күні, 1-қаңтарда мәңгілік сапарға аттанып кете барды. Барлығымыздың ұстазымыз ретінде, өзінің біліктілігімен, адалдығымен, әділдігімен, асыл жан ретінде есімізде мәңгі сақталады.

♦TŪRMYS

ДӘРІС ТЫҢДАЛДЫ

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры жұртшылық арасында жүргізетін қарқынды ақпараттық-түсіндірме жұмыстарының аясында алтыншы жыл қатарынан қаржы журналистикасы мектебінің курсын өткізіп келеді. Ондағы мақсат – халықтың қаржылық сауаттылығын арттырып, БЖЗҚ қызметі, жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер жайлы хабардар етіп отыру.

Қаржылай сауаттылық бойынша дәрістер игі дәстүрге айналды, коронавирус індетіне қарамастан ол БАҚ өкілдеріне онлайн-форматта беріле бастады. Мектептің негізгі аудиториясы – журналистер, блогерлер мен журналистика факультеттерінің студенттері, өйткені, халыққа ақпарат таратуда олар аса маңызды орын алады.

Шара виртуалды кеңістікте өтті. Мектепке қатысушылар көптеген пайдалы мәліметке қанық болып, қойылған сұрақтарына тұщымды жауап алды. Қазақ және орыс тілдерінде екі күн бойы жалғасқан шараға барлығы 100 тарта қатысушы бас қосты.

Оларға түрлі тақырыптар бойынша оқыту курстары ұсынылды:

- Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі мен «БЖЗҚ» АҚ қызметі;
- Жинақтаушы құрамдауыштың қажеттілігі мен демографиялық тренд;
- Біржолғы зейнетақы төлемдерін (БЗТ) пайдалану және зейнетақы жинақтарын сенімгерлік басқаруға (ИПБ) аудару бөлігіне қатысты зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер;
- Ерікті зейнетақы жарналарына қатысты өзгерістер;
- Еуразиялық экономикалық Одаққа мүше елдердегі зейнетақымен қамсыздандыру;
- БЖЗҚ цифрлық қызметтері;
- БЖЗҚ ақпараттық қызметі.

Сонымен қатар, Қазақстанның Ұлттық Банкімен бірлесіп ҚРҰБ зейнетақы активтерін басқару бойынша модульдің таныстырылымы өтті.

Естеріңізге сала кетсек, биыл жинақтаушы зейнетақы жүйесінде жаппай өзгерістер орын алған болатын. Осыған орай БЖЗҚ мамандары курс барысында мектепке қатысушыларға күрделі қаржы көрсеткіштері мен статистикалық мәліметтер, заңнамадағы өзгерістер жайында тарқатып айтып берді. Өткізілген оқыту шарасы айқын да, шынайы журналистік материалдардың жариялануына, әрі Қордың ақпараттық-түсіндірме жұмысына септігін өз тигізеді деген үміттеміз.

Баса назар аударатын жәйт, БЖЗҚ қаржы журналистикасы мектебінде көрсетілген барлық материалдарды www.enpf.kz корпоративтік сайтында «Қоры туралы» бөлімінде, әрі қарай «Баспасөз орталығы» - «Арнайы жобалар» қосымшасынан немесе https://www.enpf.kz/kz/about/press-center/projects/school-2021.php сілтемесінен жүктеп алуға болады.

БЖЗҚ АҚ орталығы.

♦MEZGIL MÄSELESI

БІЗГЕ ПСИХОЛОГ КЕРЕК ПЕ?

Не көп? Тренер, психолог, коучинг көп. Мұнымен шектеліп қалмайды. Керісінше, естімеген түрлі атаулы мамандықты естіп, біліп, көріп жүрміз. «Аффирмация» деген нәрсе шықты. Арманыңды ойлап қана қоймайсың, керісінше, «мен үйтемін, мен бүйтемін, бай боламын, астымды тай болады» деген қиялыңа қанат бітіретін «сиқырлы» сөз. Айтуларынша, сол орындалады екен. Аспаннан келе салмайтыны рас қой. Оған да талпыныс, қарекет керек. Бірақ олар адамға еңбек ет деп емес, сол еңбекке қиялмен жет деп дәріс береді. Бірде бір танысым қаладан танымал коучинг келеді деп бір апта дайындалды. Үйіндегі отағасының қалтасын тінтіп, ақыры пәленбай соманы сөмкеге салды. Содан не керек, әлгі сабақ па, дәріс пе, әлде тренинг пе, әйтеуір соған барды. Бір ғана сағатқа созылған тренингтен келген құрбым өзгерген. «Көзі ашылып, көкірегі оянипты».

– Не деді? – дедім қызықтай.

– Білесің бе, бізге аффирмация қажет екен.

– Не үшін?

– Барлығы орындалады, – деп екі көзі жайнап, езуі ыржың қақты.

«Әкәзіәйітсә, біз қай істі болмасын бастарда өзімізге сенімді болуымыз керек екен. Бізге сол сенімділік, батылдық келсе, барлығын жеңеміз» деді ол тағы да. Құдайау, сол сенімділікті білмей жатқандар көп пе екен деген ойда қалдым. Не керек, бала-шағасының аузынан жырып апарған ақшасы ақталса екен дедік іштей. Бірақ бір сағаттық дәріс өмірде ата-әжелеріміз айтатын ақылға жетпейтіні айқын еді. Түсінгісі келмеді. Солай «аффирмациялап» жүріп бәрі ұмыт қалды. Мұнда байқағанымыз коучинг адамға психологиялық шабуыл жасайды. Яки «сізде несие бар ма, өмірден түңілдіңіз бе, кәсіп бастағыңыз келе ме, бақытты болу ше» деген сарындағы сөздермен назарын өзіне аудартады. Жарқыраған жарнаманы көрген көбі сол нәрсеге ақшасын қамдап барады. Баста қыстыгүні қар сатқан суретшіні не үшін жазды дейсіз? Енді қараңыз, мұндай тренингтерде айтылған «ақылды» өзіңіз де жақсы білесіз. Тіпті жақындарыңыз да күнделікті айтып отырады. Сол өзіңіз білетін кеңесті ақшаға сатып алып отырғаныңызды білесіз бе? Міне, қыста қар сатқан саудагер қазіргі біздің ақылы коучингтеріміз. Тереңінен ойланып көріңіз.

Психолог дегені тағы бар. Жалпы қазаққа психология керек пе? «Бұрынғы ата-бабаларымыздың кеңесі өзін-өзі тәрбиелеуде үлкен рөл атқарса, бертін келе психологияны зерттеген Жүсіпбек, Шәкәрімдеріміз де тектен-текке психологияны зерттемеді» дейді көбі. Көнекөздерге бұл мамандықты айтсаң онша түсіне бермейтіні рас. Өйткені олар өсиетпен өсті. «Тәйтпен» тыйылды. Үш болдыны құлаққа құйды. Ол кезде ата, әже, ана, әке, тіпті ағаәпке, жеңгелердің өзі психолог болатын. Қош.

Америка киноларынан жеке психологымен сөйлесіп отырған кейіп-керлерді жиі көреміз. Өйткені ол жақта психологиялық көмек стандартты медициналық жинаққа кіреді. Біздің қоғам да психологқа бару мәселесіне үрке қарайтын әдетін азайта бастағандай. Психолог көмегіне жүгініп, әдеттегі дәрігерге көріну сияқты қалыпты жағдай екенін түсіне бастады.

Бәріміз де ашуланамыз, жұрт не дейді деп ойлаймыз, өзгелердің көңілінен шығуға тырысамыз. Мұның барлығы қалыпты жағдай. Бірақ осындай сезімдер шегінен шығып, қалыпты өмір сүруге кедергі келтіріп, жанымызды мазалай бастаса ше? Психологтың міндеті осы мәселелердің себебін анықтап, жайсыздықты жеңуге көмектесу. Кәсіби білімі бар психолог жағдайды тереңірек түсінеді, адамның қалаған нәрсеге қол жеткізуіне не кедергі болатынын анықтайды. Бірақ бұған кім кепіл бола алады? Бір апта психолог кеңесіне жүгінді делік. Нәтижесі бір айға созылар. Мейлі бір жыл. Одан соң ше? Күйзеліске түссе тағы да сол психологке барып, мұңын шаға ма? Абайдың өзі «Жүрегіңе сүңгі де, түбін көзде. Сонан тапқан шын асыл, тастай көрме» дейді. Яғни өз болмысыңды зертте дейді. Ендеше өзге емес, өзімізді өзіміз неге зерттемеске? Алдымен сана, одан соң ой. Жақсы нәрсе ойласаң, барлығы оңалуы мүмкін. Сол үшін де қазақ «Жақсы сөз – жарым ырыс» дейді.

Иә, жиырма жыл бұрын әр мектепке бір психолог керек деген мәселе көтеріліп, оған қол жеткіздік. Көпке топырақ шашпайтынымыз анық. Бірақ сапаға да көңіл бөлген жөн. Егер тіс дәрігерімін деген маманның өз тісі шірік, нашар болса, сіз барар ма едіңіз? Бұл да сол секілді, алдымен өзінің жан-жарасын емдей алмаған психолог адамға көмек бере алмайды.

Түйін

– Арамыз суып барады, дереу психологқа баруымыз керек. Бір курсы 60 мың теңге, – деді әйелі жұмыстан енді ғана шаршап келген күйеуіне.

– Оның бізге не керегі бар? – деп ашуланған жұбайын елемеген әйел:

– Бақытты болудың, табысудың сырын айтады, – деді беймарал. Сонда күндегі ыңқыл-сыңқылдан шаршаған күйеуі:

– Өмір сүріп жатқан екеуміз. Арадағы дүниені айдаладағы біреуге айтамыз. Ал ол өзіміздікін өзімізге айтады. Әй, оданда енемнің үйіне барайық. Ол мұндай кеңесті тегін-ақ береді ғой, – деген екең.

Д. ЖҰМАБАЙ.

♦IZGI NIET

Құрметті Зәуреш Игібайқызы!

Өмір жолында, ұжымда еңбексүйгіштік, қоғамдық белсенділікпен ерекшеленіп, нағыз азаматтық қасиеттерге ие ірі тұлға ретінде абырой-беделіңізді және туған күніңізді атап өтпей кетуге болмас.

Құтты болсын қуанышты күніңіз,
Бақытты боп шаттық өмір сүріңіз.
Алпыстың да асқарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.
Мерекe күн нұрға толсын жүзіңіз,
Қуаныңыз, шаттаныңыз, күліңіз,
Бала-шаға қызығына кенеліп,
Ортамызда аман-есен жүріңіз!

Ізгі ниетпен «Айгөлек» балалар бақшасының ұжымы.

ЖЕР ЖӘННАТЫНЫҢ КЕРЕМЕТІ

ЖЕТІСУ ӨҢІРІ – ЖЕРҰЙЫҚ МЕКЕН. МҰНДА КӨЗ ТОЙМАЙТЫН ТАБИҒАТ КӨРІНІСТЕРІ БАР ОРЫНДАР ЖЕТЕРЛІК. ОЛАРДЫҢ КЕЙБІРЕУЛЕРІ АЯҚ ЖЕТПЕЙТІН ЖЕРДЕ ОРНАЛАСҚАН, АЛ КӨПШІЛІГІНЕ ТЕЗ-АҚ ЖЕТІП БАРУҒА БОЛАДЫ. ЖЕТІСУДЫҢ ДЕМАЛЫС КЕЗІНДЕ БАРЫП ТАМАШАЛАП ҚАЙТУҒА БОЛАТЫН АЛУАН ТҮРЛІ КӨРІКТІ ЖЕРЛЕРІН ҰСЫНАМЫЗ.

Хан Тәңірі шыңы

Хан Тәңірі - Орталық Азияның ғана емес, дүниежүзіндегі әдемі шыңдардың бірі. Басындағы мұздағын қоса есептегенде, төрт қырлы пирамида бейнесіндегі шошақ шыңның биіктігі - 7 010 метр. Ол Орталық Тянь-Шань тау жүйесінің Қазақстан, Қырғызстан, Қытай мемлекеттерінің тоғысындағы Тәңірі Тау жотасында орналасқан. Шыңның атауы түркі тілінен аударғанда "аспан әміршісі" деген мағынаны білдіреді. Хан Тәңірі шыңын бағындыру - әлемдегі альпинистердің көпшілігінің арманы және басты мақсаты. Шыңның ұшар басына алып шығатын он шақты маршрут бар, бұл жолдарды еңсеруге 14 күндей уақыт кетеді. Шың басында "Хан Тәңірі" халықаралық альпинистік лагері орналасқан. Қазбек Валиевтің өзі құрған бұл лагерь маусымына 2 мыңға тарта альпинист пен тау туристерін қабылдай алады. Мұнда жыл сайын облыс басшылығы мен ЦСКА альпинистік клубының ұйымдастыруымен аталған лагерьдің базасында халықаралық деңгейдегі спорт фестивальдары өтіп тұрады.

Жасылкөл көлі

Қазақстанның ірі ұлттық табиғи парктерінің бірі - Жоңғар Алатауы Жетісу Алатауының жотасында орналасқан. Тау басынан құлай аққан өзендер көлге келіп құяды. Олардың арасында теңіз деңгейінен 1 630 метр биіктікте Ағыны қатты өзеннің саласында жатқан, мұздақтан еріген судан құралған Жасылкөл көлінің орны ерекше. Көктем мен жазда көлдің суы лайланып жатса, жаздың аяғында мұздақтан еріген су тоқтаған кезде, суы тұп-тұнық, түсі көгілдір-жасыл болады. Алайда суға түсуден сақ болу керек, өйткені тіпті жаздың ыстық кезінде де судың температурасы +10°С болады. Айтпақшы, Жасылкөлдің жағасына баруға бел байласаңыз, табиғи паркке кіру құнын төлеуге қажетті ақша мен жеке басын куәландыратын құжатты өзіңізбен бірге ала шығуды ұмытпаңыз.

Шетен тоғайы

Шарын шатқалының аумағында, негізінен, соғдиян шетенінің топталып өсуі - мұздақ дәуірінен қалған сирек жәдігер. Шетендер Жібек жолының осы бөлігінде ұзақ уақыт билік құрған тайпаның құрметіне аталған. Ағаштар ежелгі дәуірден бері келе жатыр, тоғай бұрын 25 миллион жылдық тарихы бар үлкен экожүйенің бір бөлшегі болған. Қазіргі таңда тоғайдың ұзындығы 25 шақырымға созылып жатыр. Ұйыса өскен бұталардың арасынан өту қиын болғанмен, тоғайдың іші жарқырап тұр. Шарынның сулары талтүсте күн қайнап тұрғанда жолаушыларға сая болатын шоқ ағаштардың арасынан сылдырай ағады. Тоғайдың ішінде сұр кептер, мықи, аққанат тоқылдақ, аққұйрықты субүркіт және Жетісу қырғауылы сияқты түрлі құстарды көруге болады. Мұнда сондай-ақ құндыз, түлкі, қоян, қамыс мысығы мен қабандарды да кездестіруге болады. Қорық аумағында жануарлар өздерін емін-еркін, қауіпсіз сезінеді.

Есік көлі

Биік таудағы бұл тамаша көлді ну орман мен қызылды-жасылды дала гүлдерінің кең алқабынан құралған ерекше сұлу табиғат қоршап тұр. Көлдің өзі Іле Алатауының Есік шатқалында, теңіз деңгейінен 1 760 метр биіктікте орналасқан. Көлдің түсі ауа райының құбылуына қарай өзгеріп тұрады деседі. Бұлтты күнде су сұр түске боялса, ашық күні жарқыраған күннің сәулесімен көгілдір, ақық түсті және жасыл болады. Мұндай сұлулыққа көз алмастан қарай беруге болады. Көлдің айналасындағы жартасты шатқалдар, көкмайса шалғындар мен ну ормандарда алуан түрлі өсімдіктер өседі. Мұндағы өсімдіктердің басым көпшілігі - күнгей ақселеуі, жанаргүл, казак аршасы, Шренк шыршасы, еңлікгүл "Қызыл кітапқа" енген. Есік көлінің маңында құстың 150 түрі, жануардың 30 түрі тіршілік етеді. Олардың арасында тауешкі, сілеусін, қасқыр, аю, т.б. бар.

Айғайқұм

"Алтын Емел" ұлттық паркінде көрікті жерлер аз емес. Соның бірі - Айғайқұм. Үлкен және Кіші Қалқан тауларының ортасында екі құмшағыл бар. Оңтүстік құмтөбенің биіктігі - 150 м, ал солтүстік құмшағылдың биіктігі - 100 м. Айғайқұм - табиғи ескерткіш. Жауын-шашынсыз күндері құмнан нәзік дауыс шығатындығымен ерекшеленеді. Айғайқұмның шағылдары Іле өзенінің қайраңдарынан таралады. Өзенге қарай тартылған екі шағылдың шеті алыстан көзге шалынады. Мұнда сүтқоректілердің 80-ге тарта, құстардың 260 түрі тіршілік етеді. "Алтын Емелдің" кең жазығында және тау шатқалдарында арқарлар, қарақұйрықтар мен құландар жайбарақат жайылып жүреді.

Бұрқан бұлақ

Алматы облысындағы туристер назарын аударатын нысандардың бірі - Орталық Азиядағы ең биіктен құлап ағатын сарқырама санатындағы Бұрхан бұлақ. Жоңғар Алатауының Қора шатқалындағы сарқыраманың көзге көрініп тұрған сатыларының биіктігі - 112 метр. Алайда ол жерге жету оңай емес, тек жүріп үйренген көліктермен баруға болады. Қазіргі таңда ең қолайлысы - Қапал асуы арқылы жүру. Қора шатқалын қиялай төмен түскенде де, асуға көтерілгенде де саяхатшылардың зәре-құты қалмайды. Шатқалдың табанын бойлап, сарқырамаға дейін 12 шақырым қара жолмен жүреді. Егер сізге сарқырамаға бару бақыты бұйырса, еш өкінбейтініңіз анық, ал жолда көрген қиындығыңызды кейін қызықты оқиға ретінде еске аласын боласыз.

Жаркент мешіті

Жаркент қаласының орталығында қытай және ортаазиялық стильдер шебер үйлесім тапқан мешіт тұр. Бұл ерекше ғимаратты салу үшін белгілі қытай сәулетшісі Хон Пик арнайы шақырылған екен. Ол ғимараттың сырт бейнесіне осы өңірде тұратын барлық ұлттардың халықтық өрнектерін үйлестіріп келтірген. Жергілікті тұрғындар Хон Пиктің өз өмірінде, тіпті Қытайда болғанда да, осы мешіт секілді әдемі ғимарат салмағанын зор сеніммен айтады. Тіпті сол үшін Аспан асты елінің императоры оны жазаға кессе керек. Аңызға айналған қытай сәулетшісінің қолынан шыққан көптеген жұмыстары уақыт сынына төтеп бере алмаған. Ал Жаркент мешіті тіпті 1910 жылғы күшті жер сілкіну кезінде де аман қалыпты. Мешіт аңыз болған Тянь-Шань шыршасының бөренелерінен бір шеге қолданылмай орнатылған. Уақыт өте келе, мешіт те тоза бастаған, бірақ биік орталық арка, мұнаралар, қабырғаларға салынған қиял-ғажайып жануарлары мен өсімдіктерінің суреттері сияқты шығыс нақыштары бұрынғыша көздің жауын алып, келушілердің назарын аударады. Ішкі көрінісі одан да керемет: құрбандық ошағы, мыңдаған жарқын сюжеттердің суреттері мен карниздері, дәстүрлі қытай шырағдандары, көптеген қасиетті рәсімдер мен әшекейлер нәзік өрнектермен безендірілген.

"Іле Алатауы"

Жалпы аумағы 200 мың гектардан астам жерді алып жатқан "Іле Алатауы" мемлекеттік ұлттық табиғи паркі 1996 жылы ашылды. Оның аумағының басым бөлігін адам қолы тимеген ну ормандар құрайды. Оларда аң мен құстың 300-дей түрі тіршілік етеді. Саябақтың інжу-маржаны - Алматы қаласының символы болып табылатын қар барысы. Іле Алатауының басым бөлігін алып жатқан "Іле Алатауы" ұлттық паркінің аумағы батысында Шамалған өзені мен шығысында Түрген өзені аралықтарын қамтиды. Парктің кеңсесі Алматы қаласы, "Таусамал" ықшамауданында (Жандосов көшесі, 1) орналасқан. Туристік нысандардың көпшілігіне арнайы кіру құжатынсыз бара беруге болады. Тек Қаскелең және Ақсай шатқалдарына бару үшін арнайы кіру билетін алу қажет.

Мәжі көлі

Күнгей Алатауының Үлкен Өрікті шатқалында 2 162 метр биіктікте аса танымал емес, бірақ өте әдемі көл бар. Жергілікті халық оны Мәжі көлі деп атайды. Ұзындығы - 500 метр, ені - 100 метр. Көл XX ғасырдың басында Шілікті-Кемин жер сілкінулерінің нәтижесінде пайда болған деседі. Көлге екі шақырымдай қалғанда түнеуге ыңғайлы орындар ойластырылған. Шатқалға Шілік өзенінің жазығындағы Орта Өрікті өзеніне қосылар жеріне дейін апаратын қара жолдың бойымен баруға болады. Көлге жету үшін 2-4 күндей уақыт кетеді. Көлдің жоғарғы жағында жақсы жол жоқ.

"Жоңғар Алатауы"

Ұлттық парк 2010 жылы Алматыдан солтүстік-шығысқа қарай созылып жатқан Жетісу Алатауында орналасқан. Батысында Ақсу өзені мен шығысында Тентек өзенінің аралығындағы 356 мың гектар алқапты алып жатыр. Мұндағы тұмса табиғат көрген жанға ұмытылмас әсер сыйлайды. Буырқанған тау өзені, таулы жердегі айнадай сұлу көлдер және ұшар басында аппақ қар жамылғысы бар биік шыңдарды суреттеуге сөз жетпейді. Сиверс алмасының әлемдегі ең үлкен бағы осы паркте орналасқан, сондықтан ол қатаң күзетіледі. Олар, әсіресе, Лепсінің төңірегінде көп өседі. Парктің кеңсесі Сарқандта автовокзалдың артындағы басты көшеде орналасқан. Лепсідегі парктің филиалында да аумақты аралауға рұқсат құжатын алуға болады. Тау сілемдері шекаралық аймақта орналасқандықтан, шетел азаматтары құжаттарын саяхатқа шықпастан бір ай бұрын өткізуі қажет.

«ЖШ»-ақпарат.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 24 маусымдағы № 58 бұйрығына 19-қосымша

ЖЫЛУ ЭНЕРГИЯСЫМЕН ЖАБДЫҚТАУ ЖӨНІНДЕГІ ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУГЕ АРНАЛҒАН № _____ ШАРТЫ

Ескелді ауданы Қарабұлақ ауылы 2022 жыл «___»_____

Бұдан әрі, Өнім беруші деп аталатын Ескелді ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарабұлақжылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны БСН 111140012498 атынан директоры Токпаев Жанатай Мукашевич «Қарабұлақжылу» МКК жарғысы негізінде әрекет ететін бір тараптан және бұдан әрі Тұтынушы деп аталатын_____, мына төмендегілер туралы осы Шартты (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1-тарау. Шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар

1. Шартта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

есеп айырысу кезеңі – тұтынылған жылу энергиясы есепке алынатын және Тұтынушыға төлемге ұсынылатын жылу энергиясына арналған шартпен айқындалатын уақыт кезеңі (күнтізбелік ай);

жылу энергиясы үшін есеп айырысу – Тұтынушының Өнім беруші берген төлем құжаты негізінде есеп айырысу кезеңі аяқталған соң тұтынылған жылу энергиясы үшін төлемақысы;

жылумен жабдықтау жүйесі – жылу өндіру, жылу беру және жылуды тұтыну құрылғыларынан тұратын жиынтық;

жылу тұтыну құрылғысы – жылу энергиясын Тұтынушының қажеттіліктері үшін жылу энергиясын, жылу жеткізгішті пайдалануға арналған құрылғы;

жылу желісі – жылу энергиясын беруге, таратуға арналған құрылғылар жиынтығы;

жылу жеткізгіш – жылу энергиясын беруге арналған жылумен жабдықтау жүйесінде пайдаланылатын зат (су, бу);

жылу энергиясы – тұтыну кезінде жылу жеткізгіштің термодинамикалық параметрлері (температура, қысым) өзгеретін жылу жеткізгіш беретін энергия;

өлшеу құралдарын тексеру – өлшеу құралдарының белгіленген техникалық және метрологиялық талаптарға сәйкес келуін анықтау және растау мақсатында мемлекеттік метрологиялық қызмет немесе басқа аккредиттелген заңды тұлғалар орындайтын операциялар жиынтығы;

өнім беруші – сатып алынған жылу энергиясын Тұтынушыларға сатуды жүзеге асыратын ұйым;

тараптардың пайдалану жауапкершілігін бөлу шекарасы – жылу тұтынатын құрылғылардың және/немесе желінің теңгерімдік тиесілігі бойынша немесе тараптардың келісімімен айқындалатын жылу тұтынатын құрылғыларды және/немесе Тараптар желілерін бөлу нүктесі (сызығы), көп пәтерлі тұрғын үйлердегі тұтынушы мен энергия беруші немесе энергиямен жабдықтаушы ұйым арасындағы пайдалану жауапкершілігінің шекарасы басқару торабының кіріс ысырмаларының бірінші бөлу фланеці бойынша айқындалады (Элеватор);

теңгерімдік тиесілік шекарасы – жылу желісінің теңгерімдік тиесілігі бойынша анықталатын энергия өндіруші, энергия беруші ұйымдар мен Тұтынушы арасындағы, сондай-ақ Тұтынушы мен қосалқы тұтынушы арасындағы жылу желісін бөлу нүктесі;

төлем құжаты – Өнім беруші есепке алу аспаптарының нақты көрсеткіштерінің негізінде жазған, ал ол болмаған немесе уақытша бұзылған жағдайда, есептеу жолымен – оның негізінде Тұтынушы тұтынған жылу энергиясы үшін төлемақы жүргізетін құжат (шот, хабарлама, түбіртек, ескерту шоты);

тұтынушы – реттеліп көрсетілетін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенетін жеке немесе заңды тұлға;

уәкілетті органның ведомствосы – табиғи монополиялар салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органның ведомствосы.

2-тарау. Шарттың нысанасы

2. Шарттың алдындағы міндетті талаптар: Өнім беруші Тұтынушыға қосылған желі арқылы Тараптардың теңгерімдік тиесілілігін шектеу актісімен және пайдалану жауапкершілігімен айқындалатын тараптардың теңгерімдік тиесілілігі мен пайдалану жауапкершілігінің шектеріне дейін жылу энергиясын беруге міндеттенеді, ал Тұтынушы жылу энергиясын қабылдауға және оны төлеуге міндеттенеді.

Қажет болған жағдайда Шарт алдындағы міндетті талаптар Шартқа жеке қосымшамен ресімделеді.

3. Өнім беруші Тұтынушыға энергия беруші ұйымдардың қосылған желісі арқылы жылу энергиясын беруге міндеттенеді.

Бұл ретте тұтынушыларға жеткізілетін жылу энергиясының параметрлері (сапасы) тараптардың теңгерімдік тиесілілігінің шекарасында орнатылған коммерциялық есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады және мемлекеттік стандарттарда немесе энергетика саласындағы өзге де нормативтік техникалық құжаттамада белгіленген талаптарға, сондай-ақ Өнім беруші жасаған және жергілікті атқарушы органдармен келісілген температуралық кестеге сәйкес келуге тиіс.

Өнім беруші Тұтынушыны Шартқа сәйкес жылу энергиясымен қамтамасыз етуге міндетті.

3-тарау. Көрсетілетін қызметтерді ұсыну шарттары

4. Өнім беруші жылу энергиясын босатуды, тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, үздіксіз жүргізеді.

5. Тұтынушының тұтынатын жылу энергиясының жүктемесі мен мөлшерін, алынған техникалық шарттардағы мәлімделген және тіркелген жобалық шамалардан асырмай, бірақ Шартта көрсетілгеннен асыруына Тұтынушының өтінімі бойынша Өнім берушінің рұқсатымен жол беріледі, бұл ретте Шартқа тиісті өзгерістер енгізіледі.

6. Тұтынушы Өнім берушіге Шартта айқындалған талаптармен жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге, сондай-ақ жылу энергиясын тұтыну режимі мен осы Шартта көзделген басқа талаптарды сақтауға міндеттенеді.

7. Өнім беруші Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10234 болып тіркелген) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында және осы Шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде мынадай:

1) мемлекеттік энергетикалық бақылау жөніндегі мемлекеттік орган куәландырған жылу тұтыну құрылғыларының қанағаттанарлықсыз жай-күйі авария қауіпін туғызатын немесе азаматтардың өмірлері мен қауіпсіздіктеріне қауіп төндіретін жағдайда, Тұтынушыны міндетті түрде хабардар ете отырып және толық жеткізілмеген жылу энергиясы үшін кейін қайта есеп айырысу жүргізумен;

2) жылу тұтыну құрылғыларына және (немесе) жылу энергиясын есепке алу аспаптарына олардың техникалық жай-күйі мен пайдалану қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін Өнім берушінің және Мемлекеттік энергетикалық бақылау өкілдерін жібермеген жағдайда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертумен;

3) осы Шарттың 8-тармағында көзделген жағдайларда, Тұтынушыны кемінде үш тәулік бұрын ескертіп;

4) жылу тұтыну құрылғылары жүйелерін есепке алу аспаптарын орнату орнына дейін қосқан жағдайда;

5) жылу желісіне жаңа қуаттарды өздігінен қосқан жағдайда;

6) тараптардың арасында жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі ұсынылған қызметтер үшін ақы төлемеген жағдайда;

7) жылу тұтыну құрылғыларының және жылу желілерінің күзгі-қысқы кезеңдегі жұмыс істеуінің техникалық дайындығы актісінсіз жылу желілеріне қосылған және Тұтынушыда (тұрмыстық тұтынушылардан басқа) тиісті дайындалған персонал және жылу тұтыну құрылғыларының қауіпсіз әрі сенімді жұмыс істеуіне жауапты адамды тағайындау немесе осындай қызмет түрімен айналысуға рұқсаты бар мамандандырылған ұйыммен қызмет көрсетуге шарт болмаған жағдайда;

8) егер тараптардың келісімдерінде өзгеше көзделмесе, Шартта көзделген конденсат көлемін 30 %-дан кем қайтарған жағдайда тоқтатуға немесе шектеуге құқылы.

9) авариялық жағдайда тұтынушыға жылу энергиясын беруді тоқтатуға немесе шектеуге құқылы.

Өнім берушінің жылу энергиясын беруді тоқтатуы не шектеуі Тұтынушыны ескерту арқылы жүргізіледі: осы тармақтың 4), 5) және 9) тармақшаларында көзделген жағдайларда – дереу; осы тармақтың 1), 2), 6), 7), 8) тармақшаларында көзделген жағдайларда – егер шартта өзгеше көзделмесе, энергиямен жабдықтаушы ұйым тұтынушыны жазбаша хабардар еткеннен кейін (хабарлама қою жолымен) немесе жылу энергиясын тұрмыстық қажеттіліктер үшін пайдаланбайтын тұтынушыларға жылу энергиясын беруді тоқтатқанға немесе шектеуге дейін кемінде үш тәулік бұрын тұтынушының электрондық поштасына, факсына хабарлау жолымен.

Бұл ретте Тұтынушының жазбаша түрдегі ескертуі тұтынушының жеке өзіне қол қойғызып тапсырылады не Тұтынушыға тапсырыс хатпен жіберіледі, ал осы тармақтың 1) тармақшасында көзделген жағдайда Тұтынушы телефонограммамен хабардар етілуі мүмкін.

Тұтынушы шарт жасасу кезінде не кейіннен электрондық поштаның мекенжайын ұсынған жағдайда ескерту тұтынушының электрондық поштасына жіберіледі.

Көппәтерлі тұрғын үйлерде тұратын Тұтынушыларға осы тармақтың 1), 3), 4), 7) тармақшаларында көзделген жағдайларда жылу энергиясын берудің тоқтатылатыны немесе шектелетіні туралы ескерту кондоминиум объектісін басқару органының уәкілетті тұлғасының мекенжайына хат, телефонограмма жіберу жолымен жүзеге асырылады.

8. Жабдықты жөндеу және (немесе) жаңа тұтынушыларды қосу жөніндегі жоспарлы жұмыстарды жүргізу қажет болған және резервтік қорек болмаған кезде Тұтынушыны ажырату тәртібі Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10234 болып тіркелген) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес көзделеді.

4-тарау. Жылу энергиясын есепке алу

9. Тұтынушылардың жылу тұтыну құрылғылары жылу энергиясына есеп айырысу үшін қажетті есепке алу аспаптарымен қамтамасыз етіледі. Тұтынушы есепке алу аспаптарын дербес сатып алуға және орнатуға құқылы. Есепке алу аспаптарын Өнім беруші сатып алған және орнатқан жағдайда, Тұтынушы онымен Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіпте жылу энергиясын есепке алу аспабын сатып алу мен орнатуға тиісті шарт жасасады. Жылу энергиясын есепке алуды ұйымдастыру, жылу жеткізгіштің жылу энергиясын есепке алу тораптарының техникалық жай-күйі нормативтік техникалық құжаттамалардың талаптарына жауап беруі тиіс.

10. Жылу энергиясын есепке алу үшін үлгілері Өлшем бірліктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік тізіліміне енгізілген есепке алу аспаптары пайдаланылуы тиіс. Бұл ретте, оларда алғашқы немесе кезеңмен тексерілгені туралы осындай тексеруге құқығы бар ұйымның таңбасы болуы қажет.

Есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуды энергия беруші (энергиямен жабдықтаушы) ұйымның өкілдері Тұтынушының не оның өкілінің қатысуымен, ал көрсеткіштері қашықтықтан алынатын есепке алу аспаптарын орнатқан жағдайда Тұтынушының қатысуынсыз жүргізеді.

Бұл ретте, Тұтынушы қағаз тасығышта басып шығаруға немесе есепке алу аспаптары көрсеткіштерінің электрондық нұсқасын алуға құқылы.

Тұтынушының кінәсінан есепке алу құралдарының көрсеткіштерін алу мүмкін болмаған кезде және егер бұл ретте тұтынушы энергия беруші ұйымға өзі жұмсаған жылу энергиясының мөлшері туралы мәліметтерді ұсынбаса, энергиямен жабдықтаушы ұйым нақты тұтыну бойынша кейіннен қайта есептеуді жүргізе отырып, өткен жылдың осындай кезеңіндегі Тұтынушының жылу энергиясының орташа тәуліктік шығысы бойынша көрсетілген кезеңдер үшін есеп айырысуды жүргізуге құқылы. Тұтынушының кінәсінан есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алудың мүмкін болмауы Өнім берушінің журналында тиісті жазбамен расталады.

11. Есепке алу аспаптарын кезеңмен тексеруді, жөндеуді және оған техникалық қызмет көрсетуді энергия беруші ұйым не осындай қызмет түріне рұқсаты бар өзге мамандандырылған ұйым Тұтынушымен жасалған жеке шарт бойынша жүзеге асырады.

Тұтынушы есепке алу аспаптарын тексеру, жөндеу және оған техникалық қызмет көрсету бойынша жұмыстарды жүргізу үшін мамандандырылған ұйымды өзі таңдауға құқылы.

12. Тараптар өз теңгерімдеріндегі есепке алу аспаптарына тиісті метрологиялық стандарттарда көзделген мерзімдерде өз есептерінен метрологиялық тексеру жүргізеді.

Тараптар талап етуші тараптың есебінен жүргізілетін қосымша тексерулер жүргізуді талап ете алады.

13. Өнім беруші жеткізген және Тұтынушы алған жылу энергиясының мөлшері есепке алу аспаптарының көрсеткіштері бойынша айқындалады. Тұрмыстық тұтынушыларда есепке алу аспаптары болмаған кезде, төлем мөлшері реттеліп көрсетілетін коммуналдық қызметтерді есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдіктері бекіткен нормалар бойынша айқындалады және Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітеді.

14. Егер Шартта өзгеше көзделмесе, жылу энергиясын босатуды есепке алу тараптардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында жүргізіледі. Есепке алу аспаптары тараптардың теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында орнатылмаған жағдайда, бөлу шекарасынан есепке алу аспаптары орнатылған жерге дейінгі желі учаскесіндегі ысыраптар желінің аталған учаскесі теңгерімінде тұрған иеленушіге жатады.

Жылу ысыраптарын есептеуді немесе жылу ысыраптарына сынақты энергия беруші ұйым Тұтынушымен бірлесіп жүргізеді.

15. Жабдықтардың техникалық жай-күйі үшін жауапкершілік және тұтынушының меншігіндегі, оның ішінде тұтынушылардың ортақ меншігіндегі жылу желілерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету тұтынушыларға жүктеледі және теңгерімдік тиесілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Жылу энергиясын есепке алу аспаптарының сақталуына жауапкершілік оның иесіне жүктеледі және теңгерімдік тиесілілігінің шекарасы бойынша анықталады.

Кондоминиумды басқару органы жылу тұтыну құрылғыларына қызмет көрсетуді дербес немесе мамандандырылған ұйыммен шарт бойынша жүргізе алады.

16. Есепке алу аспабы істен шыққан жағдайда энергиямен жабдықтаушы ұйым көрсетілген кезеңдерге есепке алу аспаптары жоқ Тұтынушылар үшін жылумен жабдықтауды тұтыну нормасы бойынша, бірақ бір айдан аспайтын мерзім ішінде есеп айырысу жүргізеді, осы уақытта есепке алу қалпына келтірілуі тиіс.

Егер есепке алу аспабын көрсетілген мерзімде қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда, есептеу тәртібі және есептеуді қалпына келтіру мерзімдері тараптардың жеке келісімімен белгіленуі тиіс.

Есепке алу аспаптарын үшінші тұлғалар ұрлаған немесе сындырған жағдайда сақтауға жауапты адам, Шартта өзгеше көзделмесе, бір ай мерзімінде есепке алу аспабын қалпына келтіруге міндетті. Есепке алу аспаптарын қалпына келтіргенге дейін Тұтынушы оны жылу желісіне қосуды талап етуге құқылы.

5-тарау. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

17. Тұтынушы:

1) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша сатып алуға;

2) осы Шартта белгіленген көлемде және мерзімдерде белгіленген сападағы көрсетілетін қызметтерді алуға;

3) тараптардың келісімі бойынша кәсіпкерлік мақсат және тұрмыстық тұтыну үшін қажетті мөлшерде жылу энергиясын алуға;

4) Шартта айқындалған кәсіпкерлік мақсат үшін тұтынылатын жылу энергиясының мөлшерін өзгертуге;

5) Өнім берушіден Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты алуға;

6) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өндіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде жылу энергиясын үздіксіз алуға;

7) Өнім берушіден жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметке ақы төлеуді қайта есептеуді және жасалған шарттың талаптарына сәйкес жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуді талап етуге;

8) Өнім берушіден нақты сыртқы ауа температурасын ескере отырып төлемі бойынша, жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің төлемі бойынша қайта есептеуді талап етуге;

9) Шартты жасасуға және орындауға байланысты даулы мәселелерді шешу үшін уәкілетті және (немесе) сот органдарына жүгінуге;

10) жария тыңдауларға қатысуға;

11) Өнім берушіні хабардар еткен және Өнім беруші ұсынған қызмет көлемі бойынша толық ақы төлеген жағдайда Шартты біржақты тәртіппен бұзуға;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға ие болуға;

13) Өнім берушінің нақты ұсынған қызметтеріне ақы төлеген жағдайда күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей Өнім берушіге жазбаша хабарлап, біржақты тәртіппен Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте, жылыту жүйесі көппәтерлі үйдің жалпы жылыту жүйесінің бір бөлігі болып табылатын жеке үй-жай иесінің жылу энергиясымен жабдықтауға жасалған Шарттан біржақты бас тартуына жол берілмейді.

18. Тұтынушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған қызметтеріне уақытылы және толық көлемде ақы төлеуге;

2) Өнім берушіге есепке алу аспаптарының істен шыққаны немесе жұмыс режимінің және жұмыс істеу жағдайларының бұзылғаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлауға міндетті, олай болмаған жағдайда есепке алу аспаптары тиісті құжаттармен расталған олардың соңғы тексерілуі кезінен бастап істен шыққан болып есептеледі;

3) пайдаланатын желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін тиісті дәрежеде қамтамасыз етуге, энергия тұтынудың белгіленген режимін сақтауға, сондай-ақ Өнім берушіге авариялар, өрттер және энергияны пайдалану кезінде туындайтын өзге де бұзушылықтар туралы дереу хабарлауға;

7-бет

Басы 6-бетте.

4) жоспарлы жөндеулер, авариялық-қалпына келтіру жұмыстары жағдайларынан басқа, жылу тұтыну құрылғыларын пайдалануға қосқанға дейін және әрбір жылыту маусымының алдында Өнім беруші берген техникалық дайындық актісін ресімдеу үшін іс-шаралар кешенін жүргізуге;

5) желілердің, аспаптар мен жабдықтардың техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру үшін жылу энергиясын есепке алу аспаптарына және жылу тұтынатын құрылғыларға Өнім беруші және Мемлекеттік энергия бақылау өкілін кедергісіз жіберуді қамтамасыз етуге;

6) Шартты бұзу кезінде есеп айырысуларға салыстыру жүргізу және Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша нақты ұсынған қызметтері үшін борышын өтеуге міндетті.

19. Өнім беруші:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік-құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10234 болып тіркелген) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларына сәйкес Тұтынушылардың сақтауы үшін міндетті техникалық талаптарды белгілеуге;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 211 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 10234 болып тіркелген) Жылу энергиясын пайдалану қағидаларында белгіленген тәртіппен есепке алу аспаптарына техникалық қызмет көрсетуді жүргізуге және оларды салыстырып тексеруді ұйымдастыруға;);

3) осы Шарттың 7-тармағында көзделген жағдайларда және тәртіппен Шарттың орындалуын біржақты тәртіпте тоқтата тұруға;

4) Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жылу энергиясымен жабдықтау жөнінде көрсетілетін қызметтер үшін ақы алуға;

5) уәкілетті орган бекіткен тәртіпте тарифтердің қолданылуы кезеңінде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтерге тарифтерді төмендетуге;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасында белгіленген өзге де іс әрекеттерді жасауға құқылы.

20. Өнім беруші:

1) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтердің барлық тұтынушылары үшін тең жағдайлар ұсынуға;

2) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға Тұтынушымен Шарт жасасуға;

3) Тұтынушылардан жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілген қызметтерді ұсынғаны үшін төлемдерді, оның ішінде қазіргі заманғы ақпараттық-техникалық құралдарды пайдалана отырып қабылдауды қамтамасыз етуге;

4) жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі қызметтерді ұсынуға арналған шартты жасасу кезінде Тұтынушылар құқықтарының бұзылуына жол бермеуге;

5) жылу желілерінің теңгерімдік тиесілілігін бөлу шекарасында осы Шартта көзделген жылу энергиясының параметрлерін ұстауға;

6) Тұтынушыға өз құзыреттерінің шегінде мемлекеттік органдар белгілеген сапаға қойылатын талаптарға сәйкес, сондай-ақ Шарттың талаптарында белгіленген тәртіпте және мерзімдерде жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынуға;

7) жасалған Шарттың талаптарына сәйкес жылумен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтер құнына қайта есептеу жүргізуге және жылу энергиясын толық жеткізбеуден немесе сапасыз жеткізуден келтірген нақты залалды өтеуге, уәкілетті орган бекіткен сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу әдістемесіне сәйкес сыртқы ауаның нақты температурасын ескере отырып, жылумен жабдықтау жөніндегі қызметтердің құнын қайта есептеу нәтижелері бойынша тұтынушыларға қаражатты қайтаруды жүзеге асыруға;

8) Тұтынушыға жеткізілетін жылу энергиясын есепке алуды және оның сапасына бақылауды жүргізуге, жылу энергиясының сапасы бұзылуының алдын алу және оны жою жөнінде уақытылы шаралар қабылдауға;

9) Тұтынушы жылу энергиясы сапасының төмендеуі туралы жазбаша өтініш берген не ауызша өтініш жасаған күннен бастап күнтізбелік үш күн ішінде сапаны қалпына келтіру бойынша барлық шараларды қабылдауға және қайта есептеу жасауға;

10) осы Шартта көзделген жағдайлардан басқа жағдайларда, жылу энергиясымен жабдықтауда үзілістерге жол бермеуге;

11) есепке алу аспабының істен шығуы Тұтынушының кінәсінан болмаған жағдайда, жылу энергиясы есебін өткен жылдың осындай кезеңі үшін Тұтынушының орта тәуліктік шығысы бойынша жүргізуге;

12) тарифтердің (бағалардың, алымдар мөлшерлемелерінің) немесе олардың шекті деңгейлерінің өзгеруі туралы ақпаратты Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасында белгіленген мерзімде Тұтынушының назарына жеткізуге;

13) Қазақстан Республикасының салық заңнамасы тиісінше өзгерген жағдайда Тұтынушы үшін жылу энергиясымен жабдықтау тарифтерін уәкілетті орган белгілеген тәртіпте төмендетуге;

14) Қазақстан Республикасының электр энергетикасы туралы заңнамасына сәйкес үздіксіз циклдағы өндіріске байланысты қызметті жүзеге асыру кезінде Тұтынушыға жылу энергиясын үздіксіз беруге;

15) тұтынушы өкілдерінің қатысуымен жылу энергиясын есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін алуға не энергия беруші ұйым өкілдерінің қатысуымен көрсеткіштерді алуды не есепке алу аспаптарының көрсеткіштерін қашықтықтан алуды қамтамасыз етуге міндетті.

6-тарау. Тараптарға қойылатын талаптар

21. Тұтынушыға инженерлік желілерді қайта жабдықтауға, Өнім берушінің келісімінсіз реттеуші және бекіту арматурасын орнатуға, қосуға, қауіпсіз пайдалану талаптарына және энергетика саласындағы нормативтік құжаттарда белгіленген басқа да талаптарға сай келмейтін жабдықтар мен құрылғыларды пайдалануға, жылу энергиясын есепке алудың қолда бар схемасын бұзуға, сондай-ақ жылу беру жүйелерінде жылу тасымалдағышты тікелей мақсатына сай емес пайдалануға жол берілмейді.

22. Тараптарға тараптардың құқықтарын шектейтін не Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамаларын өзгеше бұзатын әрекеттер жасауға тыйым салынады.

23. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

7-тарау. Есеп айырысу тәртібі

24. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеуді Қазақстан Республикасының табиғи монополиялар туралы заңнамасына сәйкес бекітілген тарифтер бойынша жүргізеді;

25. Тұтынушы Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша ұсынған нақты қызметтеріне ақы төлеуді есеп айырысудан кейінгі айдың 25-күнінен кешіктірмей есепке алу аспаптарының көрсеткіштеріне сәйкес жүргізеді. Есепке алу аспаптары болмаған жағдайда Тұтынушы ақы төлеуді осы Шарттың 13-тармағына сәйкес жүргізеді.

26. Өткен кезеңдер үшін берешегі болған кезде, төлемақы бірінші кезекте осы берешекті өтеуге жіберіледі. Тұтынушы есеп айырысу кезеңі үшін іс жүзіндегіден артық сома төлеген жағдайда, осы артық айырма келесі есеп айырысу кезеңінің аванстық төлеміне автоматты түрде (не тараптардың келісімі бойынша Өнім берушінің алдындағы Тұтынушының өзге де міндеттемелері бойынша берешегін өтеу есебіне, егер осындай болса) есептеледі. Егер Тұтынушы Өнім берушінің келесі есеп айырысу кезеңіндегі қызметтерінен бас тартса, артық төленген сомалар қайтарылады.

27. Егер коммерциялық есепке алу аспаптары ақаулығының нәтижесінде және басқа да жағдайларда шоттарға түзету енгізу қажет болған жағдайда Тараптар кейінгі есеп айырысу кезеңдерінде шоттарға түзету енгізеді.

28. Төлем құжатында көрсетілген деректемелер бойынша Өнім берушінің ағымдағы шотына ақша аудару Өнім берушінің жылу энергиясымен жабдықтау бойынша көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу жөнінде Тұтынушының міндеттемелерін орындауы деп танылады.

8-тарау. Дауларды шешу тәртібі

29. Жылу энергиясын беруді тоқтату уақыты, сондай-ақ оның сапасының нормативтік-техникалық құжаттамалардың талаптарына сәйкес келмеуі уақыты (күні, сағаты) көрсетіліп, кейін жылу энергиясын тиісті сапада беруді қалпына келтірудің уақыты (күні, сағаты) белгісі қойылып, Өнім берушінің диспетчерлік қызметінің журналында белгіленуі қажет.

30. Жылу энергиясын берудегі үзіліс кезінде немесе тиісті сападағы жылу энергиясын бермеу кезінде Тұтынушы бұл туралы Өнім берушіні өзі (өтініммен) немесе міндетті түрде берілген уақыты, күні және берген және қабылдаған адамдардың тектері көрсетілген телефонограммамен хабардар етеді. Телефонограммада тауар сапасының нашарлай бастауының (болмауының) уақыты, нашарлау сипаты және Өнім беруші өкілінің болуының қажеттілігі (егер жылу энергиясы сапасының нашарлауы немесе оны берудегі үзілісті Өнім беруші журналда тіркемесе) көрсетіледі.

Тұтынушы өзі өтініш берген жағдайда өтінімнің көшірмесі болуы тиіс, онда түсуін тіркеу кезінде тіркеу нөмірі, өтінімді беру күні мен уақыты, Өтінім берушінің қабылдап алған өкілінің қолы қойылады. Жылумен жабдықтау тоқтаған кезде өтінім дереу, параметрлері нашарлаған кезде – ауытқу басталған сәттен бастап бір тәуліктен кешіктірмей беріледі.

Өнім беруші өтінімде (телефонограммада) көрсетілген тауар сапасының ауытқуы, Тұтынушыларға оны берудегі үзілістер туралы журналдағы белгілерді салыстырады және келіспеушіліктер болмаған жағдайда параметрлердің есептіден орта тәуліктік ауытқуына сүйене отырып, тауар құнын қайта есептеуді оны нақты тұтынуына сәйкес жүргізеді.

31. Өнім берушінің жылу энергиясын бермеу немесе сапасы төмен тауар (жылу энергиясын) ұсыну фактісін куәландырудан бас тартқан жағдайда Тұтынушы:

тауарды беруден бас тартудың (ажыратудың) немесе оны сапасыз берудің басталған уақыты;

тауар сапасы нашарлауының сипаттамасы;

өтінім берудің уақыты және оның тіркеу нөмірі (Өнім берушінің журналы бойынша);

жылу энергиясын беруді қалпына келтіру уақыты (оның сапасының қалыпқа келуі);

тауардың болмау (сапасының нашарлау) кезеңі көрсетілген жазбаша өтініш жазуға құқылы.

Өтінішке Тұтынушы, Тұтынушының жылу шаруашылығына жауапты адам, екі тәуелсіз куә қол қояды да, Өнім берушіге жіберіледі. Егер дау реттелмесе, Тұтынушы атом энергиясын пайдалану және электр энергетикасы салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын органдарға немесе сотқа талап арыз беруге құқылы.

32. Желілік судан өз бетімен су таратқан, тұтынушы өз бетімен жылуды тұтыну құрылғыларына қосылған, тұтынушының коммерциялық есепке алу аспаптарын бұзған, есепке алу торабында орнатылған пломба бұзылған немесе ол болмаған жағдайларда энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар акті жасайды және тұтынушы пайдаланған жылу энергиясы көлеміне екі есе мөлшерде қайта есеп айырысу жүргізіледі.

Ыстық су бойынша қайта есеп айырысу бір жылдан аспайтын кезеңге жүргізіледі, ал жылыту желілері үшін жылыту кезеңінің басынан осы тармақтың бірінші абзацында көрсетілген оқиға анықталған сәтке дейін жүргізіледі.

Акт энергия беруші ұйым өкілінің және тұтынушының не оның өкілінің қолдары болған кезде жарамды болады. Акт тұтынушы не оның өкілі қол қоюдан бас тартқан жағдайда жарамды болып табылады, бірақ оны энергия беруші және (немесе) энергиямен жабдықтаушы ұйымның комиссиясы және (немесе) құрамы үш адамнан тұратын кондоминиумды басқару органы рәсімдеуі тиіс.

9-тарау. Тараптардың жауапкершіліктері

33. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

34. Шарттың 28-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, шот бойынша ақы төлеу мерзімі келген сәтке ол бойынша төлем жасамағаны үшін, Өнім беруші Тұтынушының төленбеген сомалары бойынша төлемді кешіктірген әрбір күн үшін Тұтынушының ақшалай міндеттемені нақты орындау күніне Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген қайта қаржыландыру мөлшерлемесінің 1,5 еселеген аспайтын мөлшерінде, бірақ негізгі борыш сомасынан аспайтын тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы.

Тұрақсыздық айыбының мөлшерін белгілеу Шарт жасасу кезінде жүргізіледі. Тұрақсыздық айыбын есептеу мерзімінің басталуы, егер тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, есеп айырысу кезеңінен кейінгі айдың бірінші күні болып табылады.

35. Егер Өнім беруші үшін Тұтынушыға жылу энергиясымен жабдықтау жөніндегі көрсетілетін қызметті Өнім берушімен шарттық қатынастарда тұрған басқа тұлғалардың кінәсінан ұсыну мүмкін болмаса Тұтынушының алдында Өнім беруші жауапты болады.

36. Тұрақсыздық айыбын төлеу тараптарды Шарт бойынша міндеттемелерді орындаудан босатпайды.

10-тарау. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

37. Тараптар шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін, егер бұл еңсерілмес күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Бұл жағдайда Тараптардың ешқайсысы шығындарды өтеуге құқылы болмайды. Тараптардың кез келгенінің талап етуі бойынша өзара міндеттемелердің орындалуын айқындайтын комиссия құрылуы мүмкін. Бұл ретте Тараптардың ешқайсысы Шарт талаптарының орындалмауына немесе тиісінше орындалмауына әкеп соғатын еңсерілмейтін күш мән-жайлары (болжау немесе алдын алу мүмкін болмайтын дүлей зілзала немесе өзге де мән-жайлар), сондай-ақ әскери іс-қимылдар, ереуілдер және т.б. басталғанға дейін туындайтын шарт бойынша міндеттерден босатылмайды.

Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда, Тараптар олар басталған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының тиісті уәкілетті ұйымы растаған еңсерілмейтін күш мән-жайларының басталу күнін және сипаттамасын нақтылайтын жазбаша хабарламаны кейіннен табыс ете отырып не пошта арқылы жібере отырып, бұл туралы бір-біріне хабарлайды.

38. Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері еңсерілмейтін күш мән-жайларының қолданылу мерзіміне, бірақ мұндай мән-жайлар шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерін орындауға кедергі келтіретін дәрежеде ғана тоқтатыла тұруы мүмкін.

Егер еңсерілмейтін күш мән-жайлары үш және одан да көп айға созылатын болса, Тараптардың әрқайсысы екінші Тарапқа болжамды бұзу күніне дейін кемінде күнтізбелік жиырма күн бұрын алдын ала хабарланған жағдайда Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Тараптар отыз күнтізбелік күн ішінде шарт бойынша барлық өзара есеп айырысуларды жүргізуге міндеттенеді.

11-тарау. Жалпы ережелер және дауларды шешу

39. Жылу энергиясымен жабдықтау бойынша қызмет көрсету шарты Тұтынушымен жеке тәртіпте жасалады.

40. Шарттың қандай да бір ережесі бойынша немесе Шарттың ережесіне қатысты жалпы немесе қандай да бір мәселеге немесе әрекетке байланысты қандай да бір дау немесе келіспеушілік туындаған жағдайда, Тараптардың кез келгені басқа тарапқа даудың мәнін толық баяндай отырып, наразылық жолдауға құқылы.

Тараптар келіссөздер арқылы барлық дауларды реттеу үшін барлық күштерін жұмсайды.

41. Келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Шарт бойынша барлық даулар мен келіспеушіліктер жауапкердің орналасқан жері бойынша соттарда шешіледі.

Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де жағдайларда Шартты бұзуға құқылы.

42. Тараптардың Шарттан туындайтын және онымен реттелмеген қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

43. Шарт екі данада қазақ және орыс тілдерінде әрбір Тарап үшін бір данадан жасалады.

44. Тараптардың келісімі бойынша Шарт үлгілік Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да талаптармен толықтырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер үшін Шарт Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында тіркеледі және тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.

12-тарау. Шартты қолдану мерзімі

44. Шарт қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2021 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанда қолданыста болады.

45. Егер тараптардың бірі бұл туралы Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күн бұрын мәлімдесе, Шарттың қолданылу мерзімі жылу энергиясының көлемін нақтылай отырып, белгілі бір мерзімге ұзартылады. Шарттың мерзімін ұзарту Шартқа қосымша келісіммен ресімделеді.

Тараптардың бірінің мерзімі аяқталғаннан кейін шартты тоқтату немесе өзгерту туралы өтініші болмаған жағдайда, ол шартта көзделген мерзімге және талаптармен ұзартылған болып есептеледі.

13-тарау. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк деректемелері және қолдары

Өнім беруші: Ескелді ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Қарабұлақжылу» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Мекенжайы: 040500 Алматы облысы, Ескелді ауданы, Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 67. Тел/факс 8/72836/39660, 39289

РНН/СТН 092100212662

БИН/БСН 111140012498

БИК/БСН HSBKZKA

ИИК/ЖЖК KZ896010311000019287

КБЕ 16

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ

Директор _____ Токпаев Ж.М.

Тұтынушы_____

Мекенжайы: Алматы облысы, Ескелді ауданы,

Қарабұлақ ауылы, _____

көшесі,

_____үй,_____пәтер

_____ _____

_____

подпись Т.А.Ж.

♦TIN

ҚҰТЫДАҒЫ «БАЛА» ҚҰТ ПА?

Жақында ғана елдегі халық саны 19 миллион адамды құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғандағы өсім барының айғағы. Демек, демографияның екпіні жақсы, тұлымдылар мен бұрымдылардың өсімі көз қуантады. Дегенмен, бала дегенде кесе көлденең кездесетін келеңсіздіктерді де аттап кетуге болмайды. Мәселен, біреу – баласынан бас тартып жатса, енді бірі – балаға зар. Қош. 40 жыл бұрын Ұлыбританияда экстракорпоральді әдіс, яғни жатырдан тыс ұрықтандыру арқылы дүниеге алғашқы сәби келді. Ал сол әдіс Қазақстанда 1995 жылы қолданылды. Олардың саны әлем бойынша 6 миллионнан, Қазақстан бойынша 30 мыңнан асады. Олар – атананың жылдар бойы сарыла күткен үміті. Ананың құрсағында емес, шыны құтының құрсауында жатқан шараналар. Бүгінгі қаузайтын әңгімеміз де сол болмақ.

Дүниежүзінде осы тәсілмен алғаш рет 1978 жылы Ұлыбританияда дүниеге келген қыз Луиз Браун қазір тұрмыста. Ол табиғи жолмен екі балалы болған. Ал, Кеңес Одағындағы алғашқы бала 1988 жылы Мәскеуде өмірге келсе, біздің елімізде 1995 жылы «Экомед» медициналық орталығында дүние есігін ашқан. Көршілес Ресей, Украина, Белорусь елдерінде де бұл жүйенің қолданысқа енгізілгеніне біраз уақыт болды. Қазіргі таңда құтыдағы ұрық арқылы әлемде жылына екі миллионнан астам сәби өмірге келеді екен. Ал Қазақстан бойынша оның саны 30 мыңнан асады.

Еш нәтиже болмай, өз бетінше сәби сүю мүмкіндігінен айрылған ана жақынжамағайыннан бала асырап алады не жасанды ұрықтандыру орталықтарының көмегіне жүгінеді. Тіпті, шарасыз қалғанның өзінде «құрсақ ана» жалдап, «бала» сүйеді. Дегенмен, «ЭКО әдісіне кімдер жүгіне алады», «Мұны жасату қаншалықты қолжетімді», «Шариғат не дейді» осындай бірқатар маңызды сауал көбінің көкейінде жүргені анық. Бүгінгі жазылар ой да осыған саяды.

Жасанды ұрықтандыру – медицина тілімен айтқанда, әйелдің жұмыртқасы мен ер адамның ұрығын арнайы түтікшеде қолдан ұрықтандыру. Алайда, бұл әдісті кез келген адамға қолдана бермейді. Оның өзіндік асқынуы мен қарсы көрсетілімі бар. Әйелдің денсаулығына зиян келіп, өміріне қауіп те төнуі мүмкін екен. Жатырдың ішін бала көтертуге дайындайтын дәрі-дәрмектің те жанама әсері бар көрінеді. Ең алдымен дәрігерлер келген науқасты бастанаяқ тексереді. Кейбіреулері ем-домнан кейін-ақ бала көтеріп кетеді-мыс. Біреулеріне гормондық стимуляция жасалса, енді бірі жатырішілік инсеминация жасағаннан кейін жүкті болады. Ал, егер денеден тыс ұрықтандыру әдісі басқа ешқандай тәсіл көмектеспеген жағдайда ғана қолданылады. Жасанды ұрықтандыру – күрделі процесс. Әйелдің ұрығын алу үшін алдымен оны дайындайды. Онан соң аналық ұрықты шығаратын фолликула жасушасын өсіру үшін гормондық дәрілермен стимуляция жасайды. Ең үлкен доминантық фолликуланың көлемі 18-20 мм-ге жеткенде фолликуладағы ұрық оны жарып шығу үшін тағы бір дәрі беріледі. Содан кейін жіңішке ине арқылы фолликуладағы сұйықтықты сорғызып алады. Оны арнайы микроскоппен қарап, ішіндегі ұрықтың бар-жоғын тексереді. Аналық ұрықты алып, инкубаторға салады. Оның температурасы, қолайлылығы бәрі әйелдің жатырындағыдай етіп жасалған. Ал, ұрығы мүлде жоқ әйелге донор ұрық қолдануға тура келеді екен. Осы уақыт аралығында еркектің ұрығын өңдеп, әртүрлі сүзгіден өткізіп дайындайды. Егер еркектің ұрығы аз немесе әлсіз болса онда амал жоқ, ИКСИ әдісіне жүгінеді. Нақтырақ айтқанда, ең сапалы, жақсы деген ұрықтарды іріктеп алады, арнайы микрохирургиялық құрылғының көмегімен аналық жұмыртқаға «қолмен» апарып кіргізеді. Содан соң қолдан ұрықталған эмбрионды ананың жатырына салады.

Мамандардың пайымдауынша, әйелдің бала көтеру мүмкіндігі табиғатынан аз. Ал экстракорпоралды ұрықтандыру әдісінің нәтижелілігі бұдан бірнеше есе жоғары деседі. Осыдан 20 жылдай бұрын жасанды ұрықтандыру арқылы бала көтеру көрсеткіші бір жасағанда 10-15% болған. Бүгінде ол 60-80%-ке жетіпті. Яки, денеден тыс ұрықтандыру жасаған 10 әйелдің алтысегізінде эмбрион жетіледі деген сөз. Қазіргі таңда бұл сала қарқынды дамыды. Дүниежүзінде адам ұрпағын өрбіту саласында қолданылатын жаңа заманға сай небір технологиялар бар. Жыл сайын әлемнің ең білікті мамандары жиналып, осы саланы әрі қарай дамытудың жай-күйін талқылайды екен. Соның нәтижесінде талай жетістікке қол жеткізілуде. Мәселен, бұрын аталық пен аналық ұрықты криоконсервациясыз жасау, яғни қатырып қою тәсілі болмаған. Ал, қазір осы тәсіл нәтижесінде кепіл жоғары.

Қолдан бала «жасайтын» орталықтардың арқасында бүгінге дейін 30 мыңға жуық «жасанды бала» дүниеге келген екен. Суррогаттық жолмен балалы болғандар тек ерлі-зайыптылар ғана емес, жалғыз басты әйелдер де медицинаның мұндай көмегіне жүгінетіні жасырын емес. Карьерасын жолға қойған нәзікжандылар тұрмысқа шықпай, балалы болуды жөн санайды-мыс. Елдегі еркек атаулының аздығы да осыған итермелеуде. Жары бола тұра, басқа ұрықтан «качествосы» мықты бала тапқысы келетіндері де жетерлік. Бұл жағдайда әйел ұрық иесінің бойына, сымбатына, біліміне, тіпті көзінің түсіне және шыққан тегіне арнайы каталог арқылы қарап, таңдайтын көрінеді. Мұндай жағдайда қызмет құны көпке түсері анық.

Балалы болудың қамын жасағандар көп. Солардың бірі – Алтын мен Алматтың отбасы (Аты-жөні өзгертілген. – авт.). Осыдан бірнеше жыл бұрын олар облыс асып, медициналық орталықтың көмегіне жүгінген екен. Бүгінде егіз қызы бұлардың көз қуанышы.

– Тұрмысқа кеш шыққан соң, бала көтеруім де оңай болмады. Жарым екеуміздің бармаған жеріміз, баспаған тауымыз қалмады. Соңғы үміт осы ЭКО-да еді. Бастапқыда қорықтық, әрине. Алланың жазуымен болатын дүние ғой. Бірінші салған ұрықтан 7 айлық болған кезде айырылып қалдық. Бірақ, үмітіміз өшпеді. Жұбайыммен ақша жинап жасанды ұрықтандыру орталығына қайта бардық. 9 жыл бойы сарыла күткен үмітіміз, бүгінде ортамызда ойнап жүр. Жақында 1-сыныпқа барады. Денсаулықтары да бір қалыпты, – дейді Алтын.

Әрине, жасанды түсік жасап, баласын жол бойында тастағандардан гөрі жасанды баланы тар құрсағына сыйғызған ананың рөлі басым. Егер әкесінің ұрығы мүлдем нәтижесіз болғанда, донордың қажет болатыны белгілі. Бұл жағдайда не істемек керек? Бұған шариғат не дейді?

Осыдан бірнеше жыл бұрын ҚМДБ ғұламалар кеңесінде аталған мәселенің шариғи үкімі талқыланып, пәтуа шығарылған болатын. Мұнда не делінді? «Іштей және сырттай ұрықтандыру әдісінде ұрық және жұмыртқа клетка ерлі-зайыптыларға тиесілі болып, әйелдің жатырына енгізілсе шариғатта рұқсат етіледі. Ал, егер бұдан өзге көріністерде тектің араласуы және «зина» ұғымы туатындықтан шариғатта тыйым салынған. Алла адам баласын өзге жаратылыстан ардақты етіп жаратқандықтан, ол өзіне тиесілі ұрықты сатуға да, тегін беруге де құқығы жоқ» дейді пәтуада.

Елде соңғы 10 жылдың ішінде қолдан ұрықтандыру арқылы 3 мыңға жуық бала дүниеге келген. Ол үшін мемлекет тарапынан барлығы 9050 квота бөлінген еді. 2020 жылы мың квота ғана болса, былтыр ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсыруымен 7000 квота бөлінді. Биыл да осы үде төмендемейді. Себебі президент пәрменімен үстіміздегі жыл «Балалар жылы» деп жарияланды.

Кеңес дәуірінде жануарға жасалған қолдан ұрықтандырудың салдарынан асыл тұқымды малдан сапасыз төл алу секілді қателік кеткен болатын. Десе де, бедеуліктің зардабын тартқан жандар медицинаның күшімен бала көтеріп, «қолдан» бала жасауда. Бұл біз үшін керек пе? Жасанды бала арқылы тегімізді жойып, жасанды қазақты дүниеге әкелмейміз бе? Әрине, бұл да толғандыратын мәселе.

А. АЛИБЕК.

♦KÖMBE

«ТУЫЛҒАН» МЕН «ӨЛІНГЕН»

(МАҚАЛАДАН ҮЗІНДІ)

Мұхтар МАҒАУИН:



Туылған!.. Қазақ тілінің табиғатына жат, түйеден түскен емес, жер астынан жарып шыққандай, сұмпайы, сөлекет сөз. Заманымыздың заңғар тұлғасы, әлемге әйгілі ұлы ақынымыз Мүнхаузен пәленбайыншы жылы туылған. Ол туылған, мен туылғам, сен туылғансың!.. Сұмдық қой. Тіл бұзу ғана емес, түйте-долаң сауатсыздық көрінісі. Арыдағы мың жылдық эпостарымызды айтпайық, қазақ әдеби нұсқалары таңбаға түскен соңғы екі ғасыр бойы… Абай… Шәкерім… Мұхтар Әуезов… Мысал келтіріп, дәлелдеп жатудың өзі артық болар еді. «Туғанда дүние есігін ашады өлең…». «Бар – қартаймақ, жоқ – тумақ, туған – өлмек…». «Анадан алғаш туғанда – Жыладым неге дауыстап…» «Мен 1897 жылы… Шыңғыстауда тудым». Қалыптасқан ауызекі тіліміз тұрпыты, арғы-бергі жазба нұсқалардың өзінен мың сан мысал келтіруге болады. Сөз білетін, жөн білетін ағайындар кейіспен, ренішпен жазып та жатты. «Туылған» бейбақ кең дүниеге жаңа келген, шамасы бұдан бес-алты жыл бұрын. Одан кейін және дәп бүгінгі күні. Ешқандай нәтиже шықпады. «Туылған» жұрттың берік сенім, нақты дәлелі бар. Қалай айтсаңыз да бұрынғы қазақ білмеген, жазарман атаулы жаңылысқан. Бала өз еркімен, өзінен өзі тумайды ғой! Туылады! Анасы туады. Міне, керемет. Мал – ұрғашы мал ғана туады. Әйел – табады. Бұрынғының анасы. Бес бала тапқан, он бала тапқан. Қазір де жалғыз-жарым баласын. Басқасын жиып қойғанда, өткен замандарда ешкім олай айтқан жоқ, олай жазған жоқ. Дәп осы арада ешқандай қисыны келмейтін ырықсыз етіс емес, қазақ тілінің грамматикалық ішкі заңдылықтарына сәйкес қалыптанған есімше сөз. Бұрнағы берік тұрғы, кейінгі ақылға сыйымды лепес атаулыны жиып қойдық. Жағалай «туылып» жатыр. Жекелеген қолданыстан озып, жаппай қатарға енді. Қазіргі қазақ сайттарының бәрі дерлік, ағымдағы баспасөздің көпшілігі, тіпті, кейбір, әжептәуір саналатын жазушылардың өзі тынымсыз «туылуға» көшкен. Ақыры, егемен еліннің шекарасынан өтіп кетті. Бұл жақтағы алаштың жақсысын танымай, жаманын қасиет тұтатын қытай қазақтарына барып жетті, және мен қадағалап отыратын сайттарында жаппай қолданысқа түсті. «Туылғанға» дауа жоқ екен. Ендеше, келесі саты – «өлінген!». Адам әдетте өз ырқымен өлмейді ғой. Ауру-сырқау ма, көлденең пәле, немесе аштық пен кәрілік пе – «өлінеді!». Абай: «Адам жылап туады, кейіп өледі» – деп еді, Шәкерім қажы: «Туған жан өлмек, – Тағдырға көнбек!» – деген, ал күні кешегі Қасым: «О дариға, алтын бесік туған жер!.. Сенде тудым, сенде өстім мен, сенде өлсем, – Арманым жоқ бұл дүниеде дер едім…» – мүлде қате: «…Жылап туылады, кейіп өлінеді», «Туылған жан өлінбек», «Туылған жер… Сенде туылдым, сенде өлінсем…» – деп айтулары шарт екен. Уақа емес, келесі бір басылымдарда түзетеміз! Ендеше, бүгінгі білікті қаламгер тіршілігінде, яғни өлінгенге дейін өзінің бар жазуына ие болуы керек. Оның ішінде біз де. Кейбір жеке басылымдарда, тіпті, ғұзырлы редактор ғана емес, еркін ойлы, білгір корректорлар сөйлемінді оңдап, сөздеріңді түзетіп жатыр, осы ретпен сен де бір күні «туылып» шығуың әбден мүмкін. «Туылған» жанның «өлінбегі» хақ болса, әзірге жаңаша түрленбей тұрған «тіршілігінде» шаман келсе, қаптай «туылған» сөз жендеттерінен сақтанып, бар жазуыңды қызғыштай қорып отыру қажет сияқты. Жалғыз біз емес, жазатын, жазбайтын, әйтеуір шәлдіріксіз, түзу сөйлей алатын, басы тұнық барлық жұртқа қатысты лепес.

Сонымен, қыжыртпай айтсақ, «туылған» – тіл мәдениетінің айна-қатесіз жаңа бір өлшемі: «туылған» жүрген жерде сауат та, түйсік те жоқ, қара қасқа надандық қана бар. Ең сыпайы сөзіміз деп біліңіз.

Кез келген халықтың тілі – аса күрделі категория. Заман озған сайын өзгеріске түседі, жаңғырады, жаңарады. Бір пара сөздер әртүрлі себеппен қолданыстан шығады, жаңа ұғымдарға сәйкес жаңа сөздер қалыптанады. Мұның бәрі – табиғи жағдай. Алайда ғасырдан ғасыр өтіп, дүние қаншама құбылса да, тілдің сол ұлтқа тән фонетикалық құрылымы, жіктеу, септеу ерекшелігі, ұғым жүйесі бұзылмайды. Негізгі лексикалық қор – атау сөздер сақталып тұрады, «ақ» – ақ болып, «қара» – қара болып қала бермек. Бұл көпе-көрнеу ақиқатты еске салып отырғанымыз, бүгінгі қазақ басылымдарында көне заманнан келе жатқан байырғы сөздердің кейбірі бұрмаланып, жаңсақ, тіпті, қарама-қарсы мағынада қолданыла бастады. Бұл жағы да түйсікті жазармандар тарабынан, ішінара болса да қаперге салынып жатыр, бірақ оңалып кеткен ештеңе жоқ. Бүгінгі қазақ қауымының «егемен» ерекшелігі, қайда қитар, қотыр мен соқыр болса, соған әуес. Судыр суайтыңыз – әлемдегі ең шыншыл адам болып көрінеді, аяр мен жалтақ – қайтпас қаһарман ретінде танылған, ұлтсыз жандайшап сатқын – күрескер, халқыңның ең адал, ең құрметті тұлғасы. Және керісінше. Сөз жайы да осы орайда. Жүз мәрте айтылып жатса да, мыйға қонбайды. Енді өзіміз көптен байқаған, біразы жаңадан тіркелген, кейбірі бізден бұрын да ескертіліп, нәтиже бермеген, қайткенде де бүгінгі бұзылған тілдің бар кетігін түгендей алмайтын, бірақ айтпауға болмайтын, азды-көпті анықтамалар. Оңтайлық үшін әліпби ретімен берейік.

762 ЕЛДІ МЕКЕНГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТТІ

♦BÄREKELDI

Еліміз әлемде көлемі жағынан тоғызыншы орынды алатыны белгілі. Сондықтан БЖЗҚ-ның қызмет көрсету кеңселерімен бүкіл республика аумағын қамту мүмкін емес. Әрі ғаламтор желісі де барлық жерге жетпеген. Дегенмен Қор қызметімен жұртшылықты барынша қамтамасыз ету мақсатында шалғай орналасқан елді мекендердің тұрғындарына арнап, үш жыл бұрын «Жылжымалы кеңсе» жобасын бастады. «Жылжымалы кеңсе» - салымшыларға (алушыларға) қызмет көрсетуге қажетті барлық құралмен жабдықталған, жерсеріктік байланысы бар шағын автобус.

Айта кетерлік жайт, шалғай ауылдардың тұрғындары «Жылжымалы кеңседе» БЖЗҚ бөлімшелерінде алуға болатын барлық қызмет түрін ала алады. Олардың ішінде, жеке зейнетақы шотынан үзінді көшірме, салымшы деректемелеріне өзгерту/толықтырулар енгізу, хабарландыру тәсілі туралы келісімге отыру, мүгедектік немесе ерікті зейнетақы жарналары бойынша төлемақы алуға өтініш беру және т. б. қызмет түрі бар.

2021 жылдан бері БЖЗҚ Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан және Түркістан облыстарындағы шалғай орналасқан елді мекендерді жылжымалы кеңселермен қамтыды. Сонымен қатар, мобильдік бөлімшелер Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарындағы алыс ауылдарға қызмет көрсетуде.

Ағымдағы жылдың осы жоба аясында 70 мыңға тарта салымшы мен алушыға бас-аяғы қаңтар-қазан айларында 85 мыңнан астам қызмет көрсетілді. Бұл ретте жылжымалы кеңселер Қазақстанның 762 елді мекенін аралап шықты.

Естеріңізге сала кетсек, жылжымалы кеңселер алдын ала жоспарланған кесте бойынша сапарға шығады. Ал барлық бағытта жергілікті атқарушы органдармен келісіледі. Әкімдіктегілер өз кезегінде жергілікті тұрғындарды «Жылжымалы кеңсенің» келетіні жайлы хабардар етеді.

Меншік иесі: «ЕСКЕЛДІ ЕЛІ» ЖШС
директор - бас редактор Жанахмет Мырзахметұлы ИСАБАЕВ.
Директордың телефоны 3-04-75
Редакцияның телефоны 3-19-15

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына бір рет жұма күні шығады.

Эл. мекенжайымыз: Eskeldi_eli@mail.ru

Газет ҚР Инвестициялар және даму Министрлігінің байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 16 қарашада тіркеліп, № 15692-Г куәлігі берілген.
Регистрационное свидетельство № 15692-Г от 16 ноября 2015г. выдано Министерством по инвестициям и развитию РК, комитетом связи, информатизации и информации.

Газет материалдары редакцияның компьютерлік орталығында беттеледі. «Алматы-Болашақ» ЖАҚ-ның Талдықорғандағы «Офсет» филиалының баспаханасында басылады. Баспахананың мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй.

Редакция мекенжайы: индекс 040500 Қарабұлақ ауылы, Оразбеков көшесі, 31 үй.

Осы шығарылымның таралымы 1500 Тираж 1500 Тапсырыс 19 Көлемі 2 баспа табақ.

Авторлардың мақалалары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Опубликованные материалы не обязательно отражают точку зрения редакции.

Компьютерная верстка К. АЛИМХАНОВОЙ.